БІР ҒАСЫР ТАРИХЫ БАР ҰЛТ БАСЫЛЫМДАРЫНЫҢ АТАСЫ

Qazaq

№ 04 (1 055), 26 қаңтар, 2021 жыл

Республикалық қоғамдық-саяси газет

COVID-19
ҚР ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІНІҢ ЖЕДЕЛ ЖЕЛІСІ
1406, +7 (7172) 768 043

БЕТПЕРДЕ ТАҒЫҢЫЗ
НОСИТЕ МАСКУ

АРАҚАШЫҚТЫҚ САҚТАҢЫЗ
СОХРАНЯЙТЕ ДИСТАНЦИЮ

qazaq1913.com | +7 (701) 505 48 48 | +7 (777) 797 77 88 | kazakh_2006@mail.ru | qazaq gazeti | qazaq gazeti | qazaq_gazeti | qazaq gazeti

1913–1918 жылдары Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы ыждағатымен
Орынборда 265 саны шығып, большевизм теперішімен жабылды. 2006 жылы 22 наурызда Қоғабай Сәрсекеев Алматыда 266-санынан бастап қайта жаңғыртты.

ВАКЦИНАЦИЯ: АҚИҚАТ ПЕН АҢЫЗ

04

ТҮРКІМЕНСТАН РЕСЕЙ ГАЗЫН ЕУРОПА НАРЫҒЫНАН ЫҒЫСТЫРА АЛА МА?

05

ЖАРТЫ ҒАСЫРЛЫҚ ТАРИХЫ БАР КОМЕДИЯ

08

«ЖАСТАР АРАСЫНДА ҚОҒАМДЫҚ САНАНЫ ЖАҢҒЫРТУДЫҢ НЕГІЗГІ ДРАЙВЕРІ»

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНЫҢ РЕКТОРЛАРЫМЕН «РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрі Аида Балаеваның Алматы қаласының жоғары оқу орындарының ректорларымен кездесуі өтті. Кездесу барысында «Рухани жаңғыру» бағдарламасының ағымдағы нәтижелері, Ұлттық жаңғыру кезеңіне көшуі бойынша Жол картасы жобасы, қоғамдық сананы жаңғырту аясында білім беру саласының өзекті мәселелері және «Рухани жаңғыру» қағидаттарын білім беру процесіне интеграциялау мәселелері талқыланды. Бұл туралы министрліктің Баспасөз қызметі хабарлады.

Бағдарламаны жүзеге асырудағы білім беру институттарының ерекше рөлін: «Бүгінгі таңда қазақстандық жоғары оқу орындары адами капиталды қалыптастыру субъектілері ретінде кәсіби мамандарды ғана емес, сондай-ақ жоғары рухани құндылықтары бар, бәсекеге қабілетті және санасы ашық азаматтарды қалыптастыра отырып, жастар арасында қоғамдық сананы жаңғыртудың негізгі драйверлері болып табылады», – деп атап өтті ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрі Аида Балаева.

02-бетте

ЖҰМЫРТҚА НЕГЕ ҚЫМБАТ?

БІР ЖЫЛДА ЖҰМЫРТҚАНЫҢ БАҒАСЫ 20%-ҒА ҚЫМБАТТАДЫ

Статистика комитетінің мәліметінше, 2020 жылы елімізде жұмыртқаның құны 20%-ға артты. 2021 жылдың алғашқы екі аптасында жұмыртқаның бағасы тағы 3,3%-ға қымбаттады. Сарапшылар бұл қымбатшылық кемінде үшінші тоқсанға дейін сақталатынын айтады. Яғни, осы жазға дейін жұмыртқаның бағасы қымбаттай береді. Ал, бағаның аспандап кетуіне не себеп? Сарапшылар не дейді?

Мадияр ӘЗИЗҰЛЫ,
экономикалық шолушы

БЫЛТЫР ҚАЗАҚСТАНДА ҚҰС ТҰМАУЫНАН ҚАНША ҚҰС ҚЫРЫЛДЫ?

Жұмыртқа бағасының күн санап қымбаттауына бірнеше жағдай әсер еткен. Басты себеп – тауықтар мен балапандарды қынадай қырған құс тұмауы. Екіншіден, құс азығының қымбаттауы да жұмыртқа бағасына кері әсер етті. Құс фабрикаларына арналған шетелдік құрылғылардың бағасы да пандемия салдарынан аспандап кетті. Бұл – үшінші себеп.

Қазақстан жұмыртқа өндірушілер қауымдастығының төрағасы Максим Божконың есебінше, 2020 жылы отандық құс фабрикалары құс тұмауының салдарынан тауықтарының бестен бірінен айырылып қалған. Яғни, былтыр барлығы 2,5 млн бас құс аталған тұмаудың құрбанына айналған. Бұл саланың өкілдері үш млрд теңге шығынға батқан. Содан ұсақ құс фабрикаларының көбі жабылуға мәжбүр болған.

Максим Божконың мәліметінен Қазақстан құс өсірушілер одағының да есебі алшақ емес. Соңғысы былтырғы тұмаудан 2,3 млн бас құс қырылғанына сенімді. Ал, бес ірі құс фабрикасы ең көп жапа шеккен. Соның үшеуі Солтүстік Қазақстан, қалған екеуі Қостанай мен Алматы облыстарында орналасқан.

Қазақстан жұмыртқа өндірушілер қауымдастығы мен Қазақстан құс өсірушілер одағына қарағанда ресми мәлімет басқа сандарды көрсетеді. Мәселен, ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі 2020 жылғы құс тұмауынан 1,9 млн бас құстың қырылғанын мәлімдеді.

02-бетте

#Баспасөз2021

«QAZAQ» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛУ ЖЫЛ БОЙЫ ТОҚТАМАЙДЫ

ИНДЕКС 64048

ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫРШЫСЫ

ЖАҢА ПОЭЗИЯНЫҢ АЛҒАШҚЫ ТУ ҰСТАУШЫСЫ БОЛЫП АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ҚАШАН ДА ТАРИХ БИГІНДЕ ТҰРАДЫ

Қазақ поэзиясының ұлттық сипат алып, дами бастаған тұсынан бергі тарихына көз салсақ, оған желі болып тартылған тұтас бір ұлттық идеяны көреміз. Ол – ұлттық тәуелсіздік идеясы. Арғы заманда «көшерін жел, қонарын сай біліп» жүрген көшпелі ел сыртқы жаудан қорғану, ешкімге тәуелді болып қалмау қамы үшін халықты ерлікке, күреске үгіттеген жауынгер жыр тудырса, бергі заманда орыс отаршылдығының езгісіне күйіреніп, зар-заман поэзиясын тудырды.

Серік ҚИРАБАЕВ,
ҚР ҰҒА академигі, профессор

Бірде Исатай мен Махамбет болып, бірде Кене хан, Сырым батыр болып арпалысып, отаршылдыққа қарсы тұрған халық жеңіліп, опық жеді. Осының бәрі әдебиетте ұлт тағдырының аянышты суретіне айналды. Абай мен Ыбырай да ұлт тәуелсіздігі үшін күрестен тыс тұрмайды. Бірақ, олар отаршылдыққа қарсы ашық күресті уағыздаған жоқ. Елді оқу-білімге, өнерге шақырып, алдыңғы қатарлы елдермен теңелу арқылы ғана құлдықтан, езгіден құтылуға болатынын көрді, «қалың елі – қазағына» осы жолды нұсқады. Олардан қалған ағартушылық, демократтық идея кейінгі әдебиет үшін жаңа бағыт-бағдарды аңғартқандай еді.

06-бетте

Әлемдік экономикада туризм саласының айшықты орын алатынын бұған дейін газетімізде талай жазғанымызды көзі қарақты оқырман жақсы біледі. Өйткені, Дүниежүзілік туризм ұйымы 2019 жылы әлемдегі туристердің саны 1,5 млрд адамға жеткенін, әлемнің 330 млн адамы осы саладан нәпақасын тапқанын жариялады. Сөйтіп, туризм саласы коронавирус пандемиясына дейін, яғни 2019 жылы 9 трлн доллар пайдаға кенеліп, әлемдік жалпы ішкі өнімнің 10 пайызын құраған. Әрине, әлемді әбігерге салып жатқан коронавирус пандемиясы тышқан жылы туризм саласын тығырыққа тірегені жасырын емес. Аталған сала биылғы жылы да 2019 жылдың көрсеткіштеріне жақындай алмайтыны белгілі. Дегенмен, бұл туризм саласының өмір бойы тұралап қалатынын білдірмесе керек. Түбі «көзге көрінбейтін жау» тізе бүгеді. Бұл – өтпелі кезең. Содан туризм қайтадан құлашын кеңге жаяды. Демек, таңғажайып табиғаты, тамыры тереңге тартылған тарихы, қайталанбас бай мәдениеті бар еліміз үшін енді бұл саланы дамытуда уақыт оздыруға тағы болмайды.

ҚАРА ТУРИЗМ

ҚАЗАҚСТАНҒА ТУРИЗМНІҢ БҰЛ ТҮРІН ДАМЫТУҒА НЕ КЕДЕРГІ?

Жасұлан МӘУЛЕНҰЛЫ,
бас редактор

ҚАРА ТУРИЗМ ҚАЛАЙ ПАЙДА БОЛДЫ?

Рас, туризмнің түрі көп. Ал, қара туризм туралы бірі білсе, бірі білмес. Әуелі туризмнің бұл түріне анықтама беріп көрейік.

Адамдардың тарихи маңызы зор және жаппай адам өлімімен, қайғылы оқиғалармен және апаттармен байланысты жерлерге баруға деген ұмтылысынан қара туризм дүниеге келсе керек. Ал, «Қара туризм» терминінің авторы – Глазго университетінің профессоры Джон Леннон. Шотландық профессордың айтуынша, адамдардың мұндай жерлерге қызығушылық танытып жатқандарына шын мәнінде таңғалуға да болмайды. Өйткені, өлім жазасы мен кескілескен шайқастарды көретін адамдар бұрын да болған, қазір де бар. Оған Италия елінің мақтанышына айналған Колизей мысал бола алады.

Атақты Колизейді 8 жылда құлдар тұрғызған. Оның құрылысын 72-ші жылы Веспасиан император бастап, 80-ші жылы оның ұлы Тит аяқтаған.

■ Припять қаласындағы Чернобыль апатынан зардап шеккен мектеп ғимараты. Апатқа дейін қалада 50 мыңдай адам тұрған, 1986 жылдан бері қала қаңырап бос қалған. 2019 жылы Чернобыль аймағына 150 мыңдай туристер барған. Апатты аймаққа бір күндік турлар 100 АҚШ долларынан басталады

Ғимарат іргетасы мәрмәр кесектерден қаланған. Ішкі қабырғалардың құрылысына травертин тастары пайдаланылған. Ғимаратқа бір сәтте елу мыңдай адам сыйған. Амфитеатрдың жалпы биіктігі 44 метрді құраған. Аренаның жан-жағы тормен қоршалған.

03-бетте

ТҮРКИЯМЕН ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университетіне Түркияның «УаДиА Холдинг» компаниясының Павлодардағы қант зауытын салу бойынша кеңесшісі Айхан Теке және ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі Өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндіру және қайта өңдеу департаментінің директоры Азат Сұлтанов, ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі Халықаралық ынтымақтастық департаментінің инвестицияларды тарту бөлімінің бастығы Жандәулет Жаңбырбаев, Қазақстан инвестицияларды дамыту қорының Тікелей инвестициялар департаментінің директоры Хамзин Бауыржан арнайы келіп, ұстаз-ғалымдармен кездесті. Бұл туралы университеттің Баспасөз қызметі хабарлады.

Қонақтар жоғары оқу орны базасындағы Агротехнологиялық Хаб құрамына кіретін Қазақстан-Жапон, Қазақстан-Корея, Қазақстан-Беларусь агроинженерлік, Су, Тұрақты егін шаруашылығы, Агроөнеркәсіптік кешенге сандық технологияларды енгізумен айналысатын Ситуациялық орталықтарымен, Инновациялық жылыжай, Коллекциялық бақ, заманауи оқу, ғылыми-зерттеу зертханаларымен, «Н.Назарбаев білім және ғылым орталығының» жұмысымен және «Аграрлық білім-ғылым-өндіріс интеграциясы» көрмесімен, университеттің жалпы оқу-ғылыми инфрақұрылымымен танысты.

Университет Түркияның ауылшаруашылық тауар-өндірушілерімен қант қызылшасын сапалы өндіру бойынша әріптестік бағытта бірлесіп жұмыс атқару мәселелерін талқылады.

Қазіргі уақытта оқу орнында агроөнеркәсіптік кешеніне жоғары білікті мамандарды даярлауға және қант қызылшасын өсіру мен өңдеу бойынша ғылыми зерттеулер жүргізуге барлық жағдай жасалған.

ЖҰМЫРТҚА НЕГЕ ҚЫМБАТ?

01-беттен

Дегенмен, мәліметтердің түрлі болуына кейбір құс фабрикалардың өзінің иелігіндегі тауық пен балапандарының нақты құс тұмауынан қырылғанын дәлелдей алмағандары себеп болса керек. Айталық, «Алекри» құс фабрикасында қырылған 521 мың бас құс ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің жоғарыдағы мәліметіне кірмеген. Аталған құс фабрикасының басшысы Александр Прядко уақытында тауықтардың осы тұмаудан қырылғанын заң жүзінде дәлелдей алмаған. Ал, Александр Прядко сияқты мемлекеттік өтемақыдан қағылған кәсіпкерлер аз емес.

Содан былтыр әбігерге салған құс тұмауы бір жылда жұмыртқа өндірісін 8,8%-ға төмендетті. Соның ішінде құс фабрикалары нарыққа 3,7 млрд жұмыртқа шығарып, 2019 жылмен салыстырғанда 11,3% төмен көрсеткіш көрсетті.

ҚЫМБАТТАП ЖАТҚАН ҚҰС АЗЫҒЫ

Жоғарыда жазғанымыздай, жұмыртқа бағасының аспандап кетуіне құс азығының қымбаттауы да себеп болып тұр. Өйткені, құс азығының қымбаттауы жығылғанға жұдырық болды.

Максим Божконың мәліметіне сенсек, қазір құстардың азығы орта есеппен 20%-ға қымбаттаған. Ал, жұмыртқа бағасының 70%-ы дәл осы құс азығының құнына тікелей байланысты екенін ескерсек, онда құс тұмауын есепке алмағанның өзінде жұмыртқаның нарықтағы бағасы кем дегенде 14%-ға артқаны заңды болып шығады.

«Қазір бидайдың бір тоннасы 90 мың теңге, былтырғыдай 55 мыңға бидай таппайсыз. Арпаның бір тоннасы 75 мың теңгеден сатылып жатыр, былтыр 40-42 мыңнан алғанбыз. Бұл – жұмыртқа бағасын 40%-ға дейін арттыратын фактор», – деп санайды Александр Прядко.

Қазақстан құс өсірушілер одағы да Александр Прядконың сөзін растайды. Құстардың азықтары соңғы жылдары күрт өскен. Мәселен, жоғарыдағы арпа мен бидайдан басқа құнарлығы мол құрғақ, құрама жемдер бағасы да екі-үш есе қымбаттаған.

Әрине, құстарға да күтім керек. Коронавирус пандемиясына байланысты шетелден келетін арнайы құрылғылар, ветпрепараттар, минералдық азықтар, витаминді қоспалар бағалары да шарықтап кеткен.

ТОБЫҚТАЙ ТҮЙІН

Жоғарыдағы факторлар жұмыртқа бағасының күн санап қымбаттауына алып келді. Қазір бірінші категориялы 10 дана жұмыртқаның өзіндік бағасы 317 теңгені құрайды. Олар бөлшек саудада Қарағандыда 320 теңгеден, Таразда 320 теңгеден, Петропавлда 334 теңгеден, Қостанайда 335 теңгеден, Ақтөбеде 336 теңгеден сатылып жатыр. Бұл – жұмыртқа бағасы ең арзан қалалар. Жұмыртқаның бөлшек саудадағы бағасы Нұр-Сұлтан (441 теңге), Атырау (441 теңге), Ақтау (440 теңге), Алматы (425 теңге) қалаларында аспандап тұр. Сөйтіп, жұмыртқалардың құны дүкен сөрелеріне жеткенше тағы қосылады. Ал, сарапшылар жазға қарсы жұмыртқа бағасының қалыпқа келетініне болжам жасап отыр.

2020 жылы қаңтардан желтоқсан айларына дейін

649

мың адам Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасының қатысушысы болды. 437,3 мың адам жұмысқа орналастырылды, оның 319,2 мыңы – тұрақты жұмысқа орналасты

Алматы қаласындағы крематорийдің құрылысы 2021 жылдың қыркүйегінде аяқталады. Адам денесін өртейтін орын Алатау ауданындағы Ақын Сара көшесінің солтүстігінде, ЖЭО–2 шығысына қарай орналасқан патологоанатомиялық бюро жанынан салынады. Оның құрылысына 1,3 млрд теңге жұмсалады.

http://qazaq1913.com

МАНАР СМАҒҰЛ,
ДӘРІГЕР-ЭПИДЕМИОЛОГ:

«ӘР АДАМНЫҢ ВАКЦИНА ЕКТІРУ-ЕКТІРМЕУ ТУРАЛЫ ТАҢДАУ МҮМКІНДІГІ БАР. ДҰРЫСЫ – ОДАН БАС ТАРТПАУ»

Вакцина – медицина саласындағы айтулы жетістіктердің бірі. Олай екеніне өзіміз де куә болып отырмыз. Вакцинаның арқасында әлемде шешек дерті жойылды. Осыдан 20 жыл бұрын әлем бойынша көп мемлекетте полиомиелит ауруы өршісе, қазіргі уақытта вакцина арқылы оның таралуы азайды. Вакцина егу арқылы қызылша, қызамық, дифтерия, гепатит ауруларының жұғу деңгейі төмендеді. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мақсаты – осы дерттерді түбегейлі жою. Әлем бойынша 42 мемлекет коронавирусқа қарсы вакцинаны да қабылдауға шешім шығарды. Оның 36-сы – Италия, АҚШ, Израиль сияқты дамыған елдер. Ал, ТМД елдері арасында әзірге Ресей мен Беларусь шешім қабылдады. Бұл шараға Қазақстан биыл ақпан айынан бастап қосылады. ДДСҰ мәліметіне сүйенсек, осы уақытқа дейін 2 миллионнан астам өлім-жітім жағдайы тіркелді. Вакцина егудің ең басты мақсаты – өлім-жітім жағдайына жеткізбеу, аурудың алдын алу. Вакцина екпес бұрын оған қарсы көрсетілімдер бар-жоғы анықталады. Ешкім көшеде кетіп бара жатқан адамды ұстап алып, вакцина егуге мәжбүрлемейді. Яғни, әр адамның вакцина ектіру-ектірмеу туралы таңдау мүмкіндігі бар. Дұрысы – одан бас тартпау. Вакцина ектірген адам коронавирус жұқтырған жағдайдың өзінде жеңіл түрде ауыратын болады...

(Санитария-эпидемиология сараптама және мониторинг ғылыми-практикалық орталығы филиалының Инфекциялық және паразиттік аурулар басқармасының басшысы, дәрігер-эпидемиолог Манар Смағұлдың «ҚазАқпаратқа» берген сұхбатынан)

КОРОНАВИРУС ЖАҒДАЙЫ ТУРАЛЫ РЕСМИ САЙТ
CORONAVIRUS2020.KZ

«ЖАСТАР АРАСЫНДА ҚОҒАМДЫҚ САНАНЫ ЖАҢҒЫРТУДЫҢ НЕГІЗГІ ДРАЙВЕРІ»

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНЫҢ РЕКТОРЛАРЫМЕН «РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ

01-беттен

Бағдарламаны іске асырудың үш жылында оның негізгі бағыттары бойынша кешенді жұмыс жүргізілді. Бағдарламаны басқару бойынша жергілікті атқарушы органдар және өңірлік жобалық кеңселермен жұмыс жандандырылды, талдамалық және әдістемелік сүйемелдеуді қамтамасыз ететін қазақстандық қоғамдық даму институтының қызметі жолға қойылды.

Жаңа тәсілдер мен тетіктерді енгізуді ескере отырып, 2020 жылға арналған «Рухани жаңғыру» бағдарламасының іс-шаралар жоспары іске асырылды. Жоспар шеңберінде 3 негізгі құндылық бағыты бойынша іс-шаралар көзделген – «тұлғалық даму», «ұлттық бірегейлік және халықаралық мәртебені арттыру», «мемлекеттің, азаматтық қоғамның және жергілікті қоғамдастықтардың дамуы».

2020 жылы бағдарлама аясында өңірлерде 8 млн-ға жуық адамды қамти отырып, 30 мыңнан астам іс-шара өткізілді. Халықтың «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыруға қатысу үлесі 32,8% құрады.

2020 жылы «Туған жер» арнайы жобасы шеңберінде меценаттар есебінен 537 әлеуметтік маңызы бар 445 нысан салынды және қайта жаңартылды, 1 231 меценат негізгі өңірлік инфрақұрылымдық объектілерді дамытуға 10 млрд теңге инвестиция салды. Сондай-ақ, өткен жылы тұлғалық дамуға бағытталған жаңа 4 арнайы жоба енгізілді: «Үнем – қоғам қуаты», «Дәстүр мен ғұрып», «Құқықтық мәдениет» және «Еңбек – елдің мұраты».

Қазақстандықтардың құндылық бағдарлары жүйесіне прагматикалық өмір салтын енгізу, халықтың құқықтық мәдениетін қалыптастыру, еңбексүйгіштік, ұтымды мінез-құлық, дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды жаңғырту идеяларын қамтитын «Рухани жаңғыру» бағдарламасының жаңа арнайы жобаларын іске асыру қоғамның дамуына және қазақстандықтардың әлеуметтік мінез-құлқының өзгеруіне әкеледі.

Құрамына белгілі қоғам қайраткерлері, ғалымдар, түрлі қызмет салаларындағы сарапшылар енгізілген қазіргі заманның өзекті тақырыптарын талқылау бойынша «Азаматтық алаң» пікірталас алаңының отырыстары өткізілуде. Сондай-ақ, министрлікпен Telegram әлеуметтік желісінде «Рухани жаңғыру» бағдарламасының ағымдағы нәтижелері мен «Азаматтық алаң» пікірталас алаңының қызметі туралы ақпараттық арна іске қосылды, бағдарламаның «Ruh.kz» ресми порталының жұмысы жандандырылды.

Бүгінгі таңда «Рухани жаңғыру» бағдарламасының Ұлттық жаңғыру кезеңіне көшуі бойынша Жол картасы жобасы әзірленуде. Жол картасының жоспарланған іс-шаралары мен жобалары халықтың жас ерекшеліктеріне сәйкес дайындалған.

Жоспарланған іс-шараларды тиімді іске асыру үшін нақты ұсынымдар әзірленеді және жұмыста пайдалану үшін мемлекеттік органдарға жіберіледі.

Бүгінде «Рухани жаңғыру» бағдарламасы – адами капиталды дамытудың негізгі тұжырымдамасы, қоғам үшін жаңа идеологиялық күн тәртібін құру тетігі.

Қазіргі заманғы тәуекелдер мен жаһандану жағдайында рухани құндылықтардың жандануы, адамның бәсекеге қабілеттілігін арттыру, прагматизмді дамыту, ұлттық бірегейлікті сақтау, азаматтардың білімі мен сананың ашықтығын насихаттау қазақстандықтардың болашақтағы негізгі бағдарлары болып табылады.

Күншығыс елінде алғашқы әл-Фараби орталығының ашылуы Ұлы ойшыл әл-Фарабидің 1150 жылдығын мерекелеу аясында Жапония мен Қазақстан арасындағы ынтымақтастықты дамытуда маңызды оқиға болды. Салтанатты рәсім ҚР-ның Жапониядағы Елшілігінің қолдауымен ең беделді жоғары оқу орындарының бірі – Цукуба университетінде өтті. Бұл туралы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Баспасөз қызметі хабарлады.

ЖАПОНИЯДА АЛҒАШҚЫ ӘЛ-ФАРАБИ ОРТАЛЫҒЫ АШЫЛДЫ

Орталық гуманитарлық, әлеуметтік және жаратылыстану ғылымдары саласында бірлескен ғылыми-білім беру жобаларын іске асыру, Қазақ ұлттық университеті есімін лайықты иеленіп жүрген көрнекті ғалым және философ Әбу Насыр әл-Фарабидің алтын энциклопедиялық мұрасын ілгерілетудің бірегей халықаралық алаңына айналуға тиісті.

«Әл-Фараби орталығының ашылуы – ойшыл тұлғасына деген жоғары құрметтің белгісі әрі қазақ халқына деген үлкен достықтың көрінісі. Оның болашағы зор. Орталық кәсіби кадрларды бірлесіп даярлауға, ҚазҰУ мен Цукуба университеті ғалымдарының халықаралық рейтингтік басылымдардағы жарияланымдарын арттыруға, сондай-ақ зерттеу қызметін дамытуға бағытталған. Орталықта қазақ тілі оқытылып, Қазақстанның тарихы мен мәдениеті таныстырылатын болады», – деп атап өтті ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтанов.

Мәйджи (1872) дәуірінен бастау алатын Жапонияның жетекші зерттеу университеттерінің біріндегі әл-Фараби орталығының миссиясы халықаралық аренада Қазақстанның имиджін насихаттауға және танымалдығын арттыруға бағытталған. Сонымен қатар, негізгі серіктестер адамзат өркениеті тарихында баға жетпес рөл атқарған ұлы философ әл-Фарабидің мұрасын зерделеп дәріптеу мақсатында екі университеттің әлеуетін біріктіруге дайын екендіктерін білдірді.

Орталықтың ашылуында сөз сөйлеген Цукуба университетінің президенті Нагата Киосукэ әл-Фараби орталығының қызметі бірлескен ғылыми-білім беру жұмысын одан әрі дамытып өркендетуге ықпал ететінін, Қазақстан мен Жапония арасындағы қатынастарды нығайтуға үлес қосатынын айтты.

Атап өтерлік жайт, орталықтың ашылуы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ мен Цукуба университетінің Campus-in-Campus бағдарламасын бірлесіп табысты іске асыруының және де көп жылғы жемісті ынтымақтастығының арқасында мүмкін болды.

Қазақстанның Жапониядағы Елшісі Ерлан Баударбек-Қожатаев атап өткендей: «Бұл іс-шара екі университет серіктестігінің ғана емес, сондай-ақ елдеріміз арасындағы достық қарым-қатынастың да символы. Әл-Фарабидің мерейтойын мерекелеу – Қазақстанның жаңа тарихындағы маңызды кезең, өйткені оның тұлғасы әлемдік қоғамдастыққа білім мен ғылымның, мәдениет пен әдебиеттің Ұлы далада ежелден дамығанын айшықтайды».

ҚазҰУ әлемнің 10 жетекші жоғары оқу орнында ашылған Әл-Фарабидің орталықтары мен мұражайүйлері арқылы ұлы ойшылдың идеяларын кеңінен тарату арқылы мақсатты жұмыс жүргізуде.

■ Өткен ғасырдың ортасында көлемі бойынша әлемде төртінші орын алған Арал теңізінің бүгінгі мүшкіл халін көргісі келетін туристер көп. Қара туризм бағытын мықтап қолға алған Өзбекстан билігі қазірдің өзінде туристерді көптеп тарту мақсатында турлар ұйымдастырып жатыр

ҚАРА ТУРИЗМ

ҚАЗАҚСТАНҒА ТУРИЗМНІҢ БҰЛ ТҮРІН ДАМЫТУҒА НЕ КЕДЕРГІ?

01–беттен

«Тор неге керек» дерсіз. Ол көрермендердің қауіпсіздігі үшін қойылғанды. Сонда бұл афмитеатрда римдіктер қандай шараларды тамашалаған? Оларға адам өлімімен аяқталатын айқастар көрсетілген. Бір ғана мысал: Колизейдің ашылуына арналған жүз күндік «ойын-сауық» бағытындағы іс-шаралар аясында өткен гладиатор турнирлерінде бірнеше мың жауынгер қаза тауып, Африкадан әкелінген бес мыңдай жыртқыш аң аяусыз өлтірілген. Осындай көріністерді ұзақ жылдар бойы бір сәтте елу мыңдай Рим тұрғындары қол шапалақтап көріп келген. Талай жазықсыз адамның қаны төгілген Колизей қазір әлемнің жаңа жеті кереметінің қатарына жатады әрі Италия елінің мақтанышына айналған сәулет өнері саналады. Кезінде мыңдаған құлдардың маңдай терімен салынған, талай жауынгердің қаны төгілген сол көне ғимараттың қаңқасын көруге жыл сайын әлемнің түкпір-түкпірінен бес миллиондай турист келеді. Демек, «қара туризм» терминінің қолданысқа енуіне Колизейдің де үлесі бар.

«Қара туризм» терминінің авторы жаңа заманда дәрігерлер, сарбаздар мен құтқарушылар қираған жерлерден кеткенде, олардың орнына туристер келетінін, сөйтіп көрмек түгілі естіген жанның құйқасы шымырлап, жаны түршігетін жерлер танымал туристік орталыққа айналатынын айтады.

Профессордың теориясы французбдық фотограф Амбруаз Тезенаны «Қара туризм» деп аталған жобаны қолға алуға шабыттандырған екен. Фотографтың айтуынша, туристер шынымен жүздеген, мыңдаған адам қайтыс болған жерлердің фонында суретке түскенді, сол жерде болғанды, қаралы тарихымен танысқанды ұнатады. Ал, туристер ағылатын ондай нысандар әлемде аз емес.

ҚАРА ТУРИЗМНІҢ ҚАНДАЙ ТҮРЛЕРІ БАР?

Қара туризмге қызығатындар әлемде миллиондап саналады. Ал, сұраныс бар жерде оның соңына түсетіндер де табылады. Содан бірқатар елдер қара туризмді қолға алды. Мысалы, 1994 жылы миллионға жуық адамның өмірін жалмаған хуту мен тутси тайпалары арасындағы үш айлық қақтығыстарға арналған Руанда елінің әр қаласындағы мемориалдық кешендерге жылына 50 мыңдай адам бас сұғып, бассүйек қаңқасымен суретке түседі.

Оңтүстік-Шығыс Азиядағы Камбоджа патшалығында да қара туризм қанатын кеңге жайған. 1963-1981 жылдары Коммунистік партияны басқарған Пол Пот өзіне қарсы шыққандарды аяусыз қырған. «Камбоджалық Сталин» 1970-ші жылдары 3 млн қарсыласын өлім жазасына кескен. Осылайша, миллиондаған адам тоталитарлық режимнің құрбаны болған. Сол жазықсыз жандардың қаны төгілген алаңдарды көруге жыл сайын 60 мыңдай адам барады.

2001 жылы 11 қыркүйекте Нью-Йорктегі Дүниежүзілік сауда орталығының ғимараты мен Пентагонға лаңкестер ұшағы соғылып, үш мың адамның ажал құшқанын ұмыту мүмкін емес. Сол 2001 жылғы 11 қыркүйек құрбандарын еске алуға жыл сайын әлемнің әр бұрышынан екі млн-ға жуық адам жиналады. Бұл да қара туризмнің бір түріне айналды.

Байқағандарыңыздай, әлемде қара туризм қарқын алған тарихи орындар көп. Оны әр салаға бөліп те қарастыруға болады. Мәселен, түрмелер, лагерьлер, апат болған жерлер...

Түрмеден бастайық. Туристер арасында Литва астанасы Вильнюстегі Құғын-сүргін құрбандарына арналған мұражай үлкен сұранысқа ие. Мұражай Кеңес Одағы тұсында Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті (КГБ) болған ғимаратта орналасқан. Екі қабаты тарихтан сыр шертетін көрмеге арналса, жертөледе бұрын «үш әріп» өкілдері құрықтаған адамдар отырған камералар бар. Артық ақша төлеген кейбір туристер қанқұйлы баскесерлер отырған камераларда түнеп шығады.

Туристерге мұндай қызмет түрі Латвия мен Швеция елдерінде де көрсетіледі.

Әрине, әлемде түрмесі жоқ елді таба алмайсыз. Мемлекет болған соң қылмыстар да жасалады. Бірақ, бұл туристер барлық түрмелерге ағылады дегенді білдірмейді. Өйткені, түрменің де түрмесі бар. Соның бірі – Тай еліндегі «Бангкванг» түрмесі. Бұл жоғарыда сөз болған Литва, Латвия, Швеция елдеріндегідей бұрынғы түрме емес, сегіз мыңдай аса қауіпті қылмыскерлердің басын қосқан қолданыстағы түрме. Тайланд астанасы Бангкок қаласынан 11 шақырым арыда орналасқан түрменің тарихы 1930 жылдан бастау алады. Бастапқыда үш мың қылмыскерге арналған түрмеде қазір сегіз мың адам жазасын өтеп жатыр. Бұл түрмеде 25 жылдан артық жаза алғандар, өмір бақи мен өлім жазаларына кесілгендер отырады. Түрмеден қашып шыққандар жоқ. Қашпақ болғандарды бірден атып тастайды.

Адам құқықтары жөніндегі халықаралық ұйымдардың айтуынша, қуықтай камерада 30 адамнан отырады. Әжетхана атымен жоқ, оның қызметін тар камера ішіндегі шелек атқарады. Жуынатын бөлмелер де қарастырылмаған. Төсек түрмедегі адамның түсіне ғана кіреді. Тамақ бір рет қана беріледі. Оның өзі бір тарелка күріш пен қара нан. Санитарлық талаптар сақталмағандықтан түрлі аурулардан әрі аштан жазасын өтеушілер ажалынан бұрын өледі. Ал, өлім жазасына кесілгендерді атқанша немесе дарға асқанша шынжырда ұстайды.

1989 жылы бұл түрме туралы басты рөлді Николь Кидман сомдаған австралиялық алты сериялы «Бангкок Хилтон» драмасы көрерменге жол тартты. Фильмнен кейін әлемнің ең нашар он түрмесінің бірі саналатын «Бангквангтың» аты әлемге жайылды. «Жүз рет естігенше, бір рет көрген артық» дейтіндер табылды. Содан тай түрмесінде қара туризмнің тасы өрге домалады. Қауіпті түрмеге бас сұққысы келетін туристер мыңдап саналады. Арнайы турлар да қарастырылған. Артық ақша төлеп, 30-ға жуық қылмыскермен тар камерада бірге отыратын туристер де аз емес. Ал, бұл өте қауіпті екені айтпаса да түсінікті. Бұл тақырыпқа төменде тоқталамыз.

Құғын-сүргіннің «көкесі» өткен ғасырда болды. Шығыс Африкада орналасқан Руанда елінде тоқсаныншы жылдары азаматтық соғыс орын алды. 1994 жылы хуту тайпасы миллионға жуық тутси өкілдерінің көзін жойған. Қазір Руанда қалаларында осы құғын-сүргін құрбандарына арналған мемориалдық кешендер бар. Оларға жылына елу мыңдай туристер баратынын жоғарыда жаздық. Туристердің көбі ел астанасы Кигалидегі «Hotel Des Mille Collines» қонақ үйіне тұрақтайды. Өйткені, қазір қонақ үй орналасқан ғимаратта бұрын 1 268 тутси тайпасының өкілдері тығылып, аман қалған екен.

Туристер арасында Пномпень қаласындағы (Камбоджа) 1975-1979 жылдары жазықсыз 20 мыңдай адамның өмірін қиған қазіргі «Туольсленг» мұражайы да сұранысқа ие.

Өткен ғасырдағы өктем саясаттың салдарынан миллиондаған адамдарды жаппай қырған жағдайларды да қара туризм өкілдері айналып өтпейді. Саяси-құғын сүргінге ұшыраған адамдар отырған лагерьлер де қара туризмнің табысты саласына жатады.

Instagram мен Facebook қолданушыларының парақшаларынан маңдайшасында «Arbeit macht frei» деп жазылған ғимаратта түскен суреттерін көрген боларсыз. Олар бұл суреттерге Польшада түскен. Қазіргі «Аушвиц-Биркенау» мемлекеттік мұражайы 1940-1945 жылдары өлім лагері болған. Гитлердің өкімімен мұнда 1,5 млн адам атылып, дарға асылған. Бүгінде осыншама туристер жылына осы мұражайға барады.

Туристер арасында сұранысқа ие мұндай мұражайлар Беларусьте, Германияда және Францияда бар.

Мұхит пен теңіз түбіне батып кеткен кемелер көп. Соның ең атақтысы – «Титаник». Атлант мұхитының түбіндегі атақты кеме қалдықтарын көру үшін туристер 100 мың долларды британдық «Blue Marble Private» туристік агенттігіне санап берулері керек.

Дәл сондай қызмет түрі Қара теңізде де бар. Әрине, бағасы «Титаникке» қарағанда әлдеқайда арзан. Қара теңіз түбінде 1942 жылы батып кеткен немістердің «Зальцбург» кемесі жатыр. Екінші дүниежүзілік соғыста кеңестік әскердің шабуылынан теңіз түбіне батып кеткен кемеде екі мыңнан астам адам болған. Опат болғандардың басым бөлігі немістердің қолына түскен кеңестік тұтқындар еді. Аталған кеме қалдықтарын көру үшін жылына мыңдаған туристер Қара теңіз түбіне түседі.

Жылына екі мыңға жуық туристер Фукусимаға (Жапония) ат басын бұрады. Олар атом электр стансасындағы апаттан қаңырап бос қалған қаланы аралайды. Апаттан 15 мың жапон қаза тапты, 160 мыңдай тұрғын басқа қалаларға жан сауғалады. Дегенмен, жапон билігі әзірге қара туризмді қолдап отырған жоқ. Бірақ, туристік агенттіктердің мәліметінше, 2036 жылы «Фукусима-1» атом электр стансасына алғашқы турлар ұйымдастырылуы мүмкін.

Мұндай турлар Украинада бар. Чернобль атом электр стансасындағы апаттан қаңырап бос қалған жерлерді туристер аралап жүр.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚАРА ТУРИЗМГЕ АРНАЛҒАН НЫСАНДАР

Қазақстанда қара туризмге сұранып-ақ тұрған орындар бар. Соның алғашқысы – Арал теңізі.

Кезінде Арал теңізі көлемі жағынан әлемде төртінші орын алды. Теңіздің ауданы – 68 мың шаршы шақырымға, ұзындығы – 426 шақырымға, ені – 284 шақырымға жетсе, ең терең жері – 69 метр болды. Жылына 40 мың тонна балық ауланды. Алайда, өткен ғасырдың алпысыншы жылдарынан бастап теңіз деңгейі 0,7 метрге қайтымсыз түрде төмендеді. Тұздану деңгейі – 13-25 есе артты. Соның салдарынан 1989 жылы Арал теңізі бір-бірінен оқшауланған қазақстандық Солтүстік (Кіші) Арал және өзбекстандық Оңтүстік (Үлкен) Арал болып екіге бөлінсе, 2003 жылы көрші елдегі Үлкен Аралдың өзі тағы екіге (Шығыс Арал және Батыс Арал) бөлінді. Үлкен Аралдағы судың тұздылық деңгейі артқаны соншалық ондағы балық біткен қырылып қалды. Теңіз табаны жаңа бір шөл дала – Аралқұмға айналды. Дегенмен, «тірі адам тіршілігін жасайды» дегендей, Өзбекстан билігі қазірдің өзінде туристерді көптеп тартып жатыр. Өйткені, Ташкент инфрақұрылымды дамыту арқылы туристерді қалай тартуға болатынын жақсы біледі.

Рас, өзбектер Аралда қара туризмді дамытуда алдымызды орап кетті. Құрғап қалған теңіздің Өзбекстан бөлігінде кемелердің қаңқасы сақталыпты, өкінішке қарай, біздің елде олардың көбі темір-терсекке өткізіліп кеткенге ұқсайды. Ал, туристердің көбі сол кемелердің қасында суретке түсу үшін келетіні аян. Бұл салада қазір өзбектермен бәсекелесу бізге қиын болып тұр.

Арал табанындағы «кемелер бейітіне» шетелдік туристердің қызығушылығы зор. Кезінде BBC, CNN сияқты әлемдік медиа компаниялар және әуесқой фильм түсірушілер мен фотографтардың

(Жалғасы 05–бетте)

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің қоғамдағы жағымды беделін қалыптастыруға бағытталған PR-кампанияларды жүзеге асыру мен оқу орнының қызметін жан-жақты ақпараттық қамтамасыз ету және имиджін көтеру бағытында қандай жұмыстар істелді? Қол жеткен қомақты жетістіктер бар ма? Университеттің баспасөз хатшысы – баспасөз және қоғаммен байланыс бөлімінің басшысы ретінде осы тұрғыда атқарылған жұмыстарға шолу жасап өтейін.

ҚОҒАММЕН ЖҮЙЕЛІ БАЙЛАНЫС ОРНАТУ – УАҚЫТ ТАЛАБЫ

Жандар АСАН,
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің баспасөз хатшысы – Баспасөз және қоғаммен байланыс бөлімінің басшысы

ҚЫЗДАР УНИВЕРСИТЕТІ КӨШ БАСТАДЫ

Қыздар университеті әлеуметтік желілер мен бұқаралық ақпарат құралдары бойынша мемлекеттік ЖОО-лары арасында жүргізілген сараптама нәтижесі бойынша да тұрақты түрде үздіктер сапынан орын алды. Атап айтқанда, ҚызПУ әлеуметтік желілерде ақпарат тарату мен оны БАҚ-тарда жариялау бойынша оң көрсеткіштерге қол жеткізді.

ҚЫЗПУ-ДЫҢ РЕСМИ АККАУНТТАРЫ ҮЗДІК ДЕП ТАНЫЛДЫ

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің Facebook және Vkontakte әлеуметтік желілеріндегі ресми парақшалары ақпараттық тартымдылығы жағынан үздік деп танылды.

Бұл туралы «Атамекен» Қазақстан Республикасы Ұлттық Кәсіпкерлер палатасы ұйымдастырған жиында мәлім болды. Сараптаманы қазақстандық «TV Media Digital» компаниясының «TVM SMM» агенттігі жүргізген. Зерттеуге Қазақстанның 70 мемлекеттік және жекеменшік жоғары оқу орындары қатысқан. Сараптама «Тартымдылық коэффициенті (ER)», «Жазылушылар саны», «Ресми аккаунттарды безендіру» және «Жарияланымдар саны» параметрлері бойынша жүргізілді. «Тартымдылық коэффициенті (ER)» басымдығы бойынша Қыздар университетінің Facebook-тағы ресми парақшасы 13,2 пайыз, Vkontakte-дағы ресми парақшасы 1,36 пайыз көрсеткіш көрсетіп, топ бастаған.

816 ИМИДЖДІК ЖАРИЯЛАНЫМ ЖАРЫҚ КӨРДІ

Университеттің баспасөз қызметі республикалық және өңірлік бұқаралық ақпарат құралдарымен тығыз әріптестік, іскерлік ынтымақтастық орнатқан. Бұл бастама өз кезегінде ордалы оқу орнының тыныс-тіршілігінен кеңінен мәлімет беруге сеп болады. Сонымен қатар, ол отандық БАҚ-та университет қызметі туралы ашықтықты қамтамасыз етеді.

2020 жылы халықаралық, республикалық және аймақтық БАҚ-та Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті туралы жалпы саны 816 ақпараттық-имидждік бағыттағы жарияланым жарық көрді. Оның ішінде аталған мерзім аралығында телеарналар эфирінен 46 телесюжет пен бағдарлама, мерзімді басылымдарда 266, сайттар мен порталдарда 495 және радиоларда 9 материал берілді. Сонымен қатар, БАҚ-та профессор-оқытушылар мен қызметкерлердің 18 жарияланымы шықты. Имидждік бағыттағы материалдар негізінен 40-тан астам республикалық және халықаралық ақпарат құралдарында тұрақты жарық көрген.

УНИВЕРСИТЕТТІҢ РЕСМИ САЙТЫ – ОҚУ ОРНЫНЫҢ БЕТ-БЕЙНЕСІ

2020 жылы ҚызПУ-дың www.kazmkpu.kz ресми интернет-ресурсының «Жаңалықтар» категориясындағы ақпараттық контент (жаңалықтар, хабарландыру) қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде күнделікті жаңартылып отырды.

Өткен оқу жылында сайтқа жалпы саны 1 397 ақпарат орналастырылды.

ТӨРТ МЫҢНАН АСТАМ МАТЕРИАЛ ЖАРИЯЛАНДЫ

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің әлеуметтік желідегі ресми парақшаларына 2020 жылы жалпы саны 4 381 ақпараттық-танымдық материал жарияланды. Бүгінде оқу орнының Facebook, Instagram, Twitter, Telegram, Vkontakte және YouTube желілеріндегі парақшалары мен арнасы қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде күнделікті ақпарат таратады. Аталған желілерге жазылғандардың жалпы саны 10 мыңнан астам адамды құрайды.

РЕКТОРДЫҢ 100-ГЕ ЖУЫҚ МАТЕРИАЛЫ ЖАРЫҚ КӨРДІ

Өткен жылы университет ректорының халықаралық және отандық БАҚ-та 84 мақаласы мен сұхбаты жарық көрді. Атап айтқанда, осы кезең аралығында оқу орны басшысының қатысуымен 9 телесюжет пен бағдарлама эфирден беріліп, мерзімді басылымдар мен ақпарат агенттіктерінде 75 имидждік бағыттағы жарияланым шықты.

УНИВЕРСИТЕТ ГАЗЕТІ МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕЛЕРДІ ҚАМТИДЫ

Қыздар педагогикалық университетінің «Qyzdar Ýniversiteti» газетіне дизайндық және мазмұндық ребрендинг жасалып, 20 жылға жуық тарихы бар басылымға жан-жақты өзгерістер енгізілді.

Білім мен ғылымның қарашаңырағы – ордалы оқу орнының жылнамасын жазып жүрген газетке оқырманның талғамы, заманның талабына сай сараптамалар мен мәдени, рухани материалдарға көбірек басымдық берілуде.

Газет тек оқу орнындағы ақпараттар мен жаңалықтарды жариялаумен ғана шектелмей, білім және ғылым саласындағы маңызды да өзекті мәселелерді қамтыған материалдарды қамтуды қолға алды.

ҚОҒАММЕН БАЙЛАНЫС – МАҢЫЗДЫ ҚАДАМ

2020 жылы Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің әлеуметтік желідегі ресми парақшаларына азаматтар тарапынан жалпы саны екі мыңға жуық өтініш пен сауал келіп түсті.

Барлық арыз-өтініштің 80-90 пайызы оқу үдерісі мен әлеуметтік мәселелерге қатысты болса, қалған 5 пайызы – алғыстар мен құттықтаулар және оқу орнының басшысының атына жолданған лебіздер.

МЕДИА ЖОБАЛАР ЖҮЗЕГЕ АСТЫ

Қыздар педагогикалық университетінің әлеуметтік желідегі ресми парақшалары мен бұқаралық ақпарат құралдарында «Қыздар университеті: тарих пен таным», «Дара университеттің даңқты түлектері» атты танымдық жобалар бастау алды.

Медиа жобалардың мақсаты – бірегей білім ұясының төл тарихынан кеңінен ақпарат беру, қарашаңырақ оқу орнының ғылым, білім беру, мәдениет және өзге де салаларда елеулі еңбек етіп жүрген түлектерінің азаматтық келбетін, олардың атқарған қызметтері мен игілікті істерін жастарға насихаттау.

ЭНЦИКЛОПЕДИЯЛЫҚ ЖИНАҚ ОҚЫРМАНҒА ЖОЛ ТАРТТЫ

Университетте «Ұлттың ұлағатты ұясы» атты анықтамалық-танымдық жинақ жарық көрді.

Энциклопедиялық еңбекте еліміздегі педагог кадрларын даярлайтын іргелі орталықтың бірі – Қыздар университетінің еліміздің ғылым, білім беру және мәдениет саласында елеулі еңбек етіп жүрген түлектерінің азаматтық келбеті, олардың қажырлы қызметтері мен игілікті істері кеңінен баяндалған.

Жинақта 80 жылға жуық тарихы бар оқу орнында күні бүгінге дейін атқарылған ауқымды жұмыстар мен жетістіктер де топтастырылған. Кітап «Тарих. Таным. Таразы», «Парасат мектебі: бүгіні мен болашағы», «Тұлғалар», «Ғалымдар», «Ұстаздар» және «Ақын-жазушылар, мәдениет саласының қызметкерлері» атты бөлімдерден тұрады.

Энциклопедияда жалпы саны 100-ден астам танымал тұлектің өнегелі өмір жолдары мен отандық білім, ғылым, спорт және өнер салаларына қосқан қомақты үлестері жан-жақты екшелген.

Азаматтық келбеттері оқырман назарына ұсынылған түлектердің қатарында Күләш Құнантаева, Шәмша Беркімбаева, Оразкүл Асанғазы, Асылы Осман, Ақұштап Бақтыгереева сынды мемлекет және қоғам қайраткерлері бар.

2020 ЖЫЛЫ ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР 612,8 МЛРД ТЕҢГЕГЕ 93 МЫҢ ЖАҢА АВТОКӨЛІК САТЫП АЛСА, ХАЛЫҚ КӨБІНЕ HYUNDAI (22 136) МЕН CHEVROLET (19 434) КӨЛІКТЕРІН ТАҢДАДЫ

Шын білім әрдайым ақиқат,
анық болатын білім.
Әбу Насыр әл-Фараби

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті – Қазақстандағы ілім мен мәдениеттің қарашаңырағы. ҚазҰУ – дарынды әрі талантты студенттердің басын біріктіріп отырған, шынайы сыйластық пен адал достықтың құтты мекені. ҚазҰУ – білім іздеп келген адамның жеке тұлға болып қалыптасуына ықпал етіп, оның жан-жақты қабілеттерінің ашылуына мүмкіндік беретін мекен. 87 жыл аралығында университет өз елінің дамуына орасан зор үлес қосқан 200 мыңнан астам мамандарды шығарды. Бүгінгі таңда ҚазҰУ жалпы танылған Quacquarelli Symonds (QS) халықаралық рейтингінде әлемнің 800 үздік университеттерінің ішінен 165-ші орынға ие болып, әлемдік деңгейде ТОП-200 мықты университеттердің қатарына ең алғашқы қазақстандық университет ретінде қосылды. Тәңірдің мейірімі түскен осынау ғылым ордасынан білім нәрімен сусындап, қарашаңырақтан қанат қаққан қаншама атақты түлектер бар екенін білесіз бе?!

ҚАРАШАҢЫРАҚТЫҢ ҚАРЛЫҒАШТАРЫ

Тұманбай Молдағалиев, Қадыр Мырза Әлі, Зейнолла Қабдолов, Әбіш Кекілбаев, Мұхтар Мағауин, Әзілхан Нұршайықов, Дулат Исабеков, Олжас Сүлейменов сынды аса көрнекті әрі әйгілі тұлғалар ҚазҰУ қабырғасында білім теңізінен бойларына інжу-маржан ілген. Қаныш Сәтбаев, Мұхтар Әуезов, Ермұхан Бекмаханов, Әлкей Марғұлан секілді ғылым және мәдениет қайраткерлері студенттерге дәріс оқығанын үлкен мақтанышпен, қуанышпен айта аламыз. Сонымен қатар, Қазақ ұлттық университетінен ел аузынан түспейтін Әсел Сағатова, Дариға Назарбаева, Жанна Қуанышева, Бақытжан Сағынтаев сынды қоғам қайраткерлері түлеп шыққан. Бұл кісілер оқуды тәмәмдаған соң өмірде өз кетігін тауып, еліміздің мәдениетін көркейтуде, жұртымыздың рухани өрлеуіне үлес қосып, ерен еңбек етуде.

Осы жерден университетіміздің миссиясы – еліміздің қоғамдық өмірі мен ғылымына, экономиканы өркендету мәселелерін шешуге бағытталған жоғары білімді, заманауи, бәсекеге қабілетті, ел жанашыры болып келетін білікті мамандар буынын қалыптастыру екені белгілі болып отыр. Дәл осы кісілердің артынан еріп, Қазақ ұлттық университетінен түлеп шығу қандай бақыт десеңізші?! Қазақ еліне бар күш-жігерін салып еңбек еткен апааталарымыздың басқан ізімен жүру үлкен арманымыз.

1934 жылы іргесі қаланған университетіміз әлемдік білім беру жүйесінде өз ұстанымын жыл сайын жақсартып, жоғарыға қарай ұмтылып келеді. Еліміздегі жетекші орынды қанжығасына байлаған университеттің болашағы жарқын, келешегі кемел боларына күмәніміз жоқ. Көркіне көз тоймайтын ҚазҰУ қалашығының қазақ даласында бой көтеріп, студенттердің сүйікті мекеніне айналуы баршамызды қуантады. Болашақта қарашаңырақтан түлеп шығатын, аты әлемге әйгілі болар ұрпақтардың есімдерін естиміз деген сенімдеміз.

ҚазҰУ-нің 4-курс студенттері:
АКИМЕТОВА Динара,
АСҚАР Аружан, ТОҚТАСЫН Улболсын.
Жетекшісі:
ШОИНБЕКОВА Сабина,
ҚазҰУ-нің биотехнология кафедрасының профессоры,
химия ғылымдарының докторы

ВАКЦИНАЦИЯ: АҚИҚАТ ПЕН АҢЫЗ

КӨПТІҢ КӨКЕЙІНДЕ ЖҮРГЕН СҰРАҚТАРҒА ЖАУАПТАР

Елімізде алдағы ақпан айында халықты жаппай вакциналау басталады. Өкінішке қарай, түрлі әлеуметтік желіде вакцинацияға қатысты шындыққа жанаспайтын қауесеттер тарап жатыр. Осыған байланысты ғасыр тарихы бар «Qazaq» газеті бүгін көптің көкейінде жүрген сұрақтарға жауап іздейді.

Қазақстанда вакцинация міндетті әрі мәжбүрлі ме?

Елімізде вакцинация ерікті болып табылады. ҚР «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексінің 77-бабына сәйкес кез келген медициналық ем-шара, оның ішінде вакцинация егілетін адамның тек ақпараттандырылған келісімімен ғана жүргізіледі. Қазақстанда вакцинациядан бас тартқаны үшін әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілік көзделмеген, кез келген қысым көрсету заңсыз болып табылады.

Қазақстанда қандай вакцина қолданылады?

2021 жылғы 1 ақпаннан бастап елімізде Ресейде шығарылған Гам-КОВИД-Вак («Спутник V») вакцинасын пайдалана отырып, КВИ-ға қарсы вакцинация басталады. Одан әрі 15 ақпаннан бастап вакцинациялау процесіне Қарағанды фармацевтикалық кешенінің базасында өндірілген Гам-КОВИД-Вак вакцинасы қосылады. 2021 жылдың екінші тоқсанынан бастап вакцинациялау процесіне отандық өндіріс – QazCovid-In препаратын қосу жоспарланып отыр, бұл вакцина қазіргі уақытта клиникалық сынақтардың 3-ші кезеңінен өтуде.

Коронавирусқа қарсы вакцинаны кім ала алады?

Вакцинациялау вакцинаның келіп түсуіне байланысты кезең-кезеңмен жүзеге асырылады. Бұл ретте, бірінші кезекте, коронавирустық инфекцияны жұқтыру және тарату тәуекелі жоғары халықтың осал топтары коронавирустық инфекцияға қарсы вакцинациялауға жатады, одан әрі иммундауға жататын халықтың осал топтары қамтылады.

Бірінші кезеңде инфекциялық аурулар ауруханаларының, жедел медициналық көмек, реанимация, МСАК, қабылдау бөлмелерінің медицина қызметкерлері, санэпидқызмет қызметкерлері вакцинациямен қамтылады. Екінші кезеңде жалпы білім беретін мектептердің, жоғары оқу орындарының педагогтарын, бірінші кезеңге кірмеген медициналық қызмет қызметкерлері вакцинациялаумен қамтылады. Үшінші кезең мектеп-интернаттардың, мектепке дейінгі мекемелердің педагогтары, студенттер мен созылмалы аурулары бар адамдар қамтылады. Сонымен қатар, халықтың қосымша осал топтары: ТЖМ, ІІМ, Қорғаныс министрлігі, ҰҚК, Мемлекеттік күзет қызметінің қызметкерлерін және басқаларды қоса отырып, контингентті кеңейту жоспарлануда.

Вакцинация ақылы бола ма? Бір вакцинацияның құны қанша?

Халықтың осал топтары үшін коронавирустық инфекцияға қарсы вакцинация тегін ұсынылады.

Коронавирусқа қарсы вакцина қауіпті ме? Вакцинаның жанама әсерлері бар ма?

Қарсы көрсеткіштерді анықтау үшін вакцинаның көрсетілімдері, қарсы көрсетілімдері, иммунизациядан кейінгі ықтимал көріністері, вакцинаны енгізу мен сақтау және тасымалдау шарттары туралы толық мәліметтері бар вакцинаның нұсқаулығы талап етіледі. Осыған байланысты қарсы көрсеткіштерді қазіргі уақытта тізіп шығу мүмкін емес. Адамның организмі кез келген вакцинаны енгізуде иммунитетті қалыптастыратынын, сондай-ақ иммундаудан кейін дене температурасының қысқа мерзімді жоғарылауы, вакцина орнында қызару мен ісіну сияқты жағымсыз көріністердің пайда болатынын атап айту маңызды.

Адамда коронавирустық вакцинаға аллергиялық реакцияның болуы мүмкін бе?

Медицина қызметкерлері кез келген вакцинаны салмас бұрын адамның аллергиясы бар-жоғын анықтайды. Егер ауыр аллергиялық ауру болса, адамға вакцина салу медициналық тұрғыдан бас тартылады. Бұл ретте аллергиялық реакцияны болжау мүмкін емес, себебі әрбір адамның организмі әр түрлі. Уақытылы ден қою үшін адам вакцинация алғаннан кейін алғашқы 30 минут ішінде (медициналық мекеменің қабырғасында) дәрігердің бақылауында болуы керек. Дәл осы аралықта вакцинаға аллергиялық реакция болуы мүмкін.

Ресейде вакцина алған адамдарға күнделікті телефон арқылы хабарласып, зерттеп-қарау жүргізіледі. Бізде де осындай техникалық сәттер қарастырылған ба?

Вакцина алған барлық адамдар алғашқы 30 минут бойы медициналық мекеменің қабырғасында, дәрігердің бақылауында болады. Одан әрі 3 күн бойы тіркелген жерлері бойынша учаскелік дәрігерлердің бақылауында болады. Бұдан басқа, вакцина алған әрбір адамның қолына вакцинаның ықтимал кері әсерлері көрсетілген және мұндай әсерлер орын алған жағдайда хабарласа алатын емханалардың телефон нөмірлері көрсетілген арнайы жадынама беріледі.

Балаларға коронавирусқа қарсы вакцина егіле ме?

«Спутник V» вакцинасын 18 жасқа дейінгі балаларға қолдануға болмайды. Екпені тек Қазақстанның 60 жасқа дейін кәмелетке толған азаматтары ғана ала алады. Қазақстанда өндірілген вакцина қазіргі уақытта клиникалық сынақтың 3-ші кезеңінен өтуде. Бүгінгі күні отандық вакцина жөніндегі бекітілген нұсқаулық жоқ, сондықтан осы вакцина бойынша контингент анықталуда.

Қарағанды зауытында шығарылатын вакцина қайда қолданылады?

Қарағанды фармацевтикалық кешенінің базасында өндірілген Гам-КОВИД-Вак вакцинасы тек Қазақстан Республикасында қолдану үшін пайдаланылатын болады.

Неліктен вакцинаны екі кезеңде алу керек?

Коронавирусқа қарсы вакцинаны 21 күндік аралықпен екі кезеңмен енгізу керек. Бірінші доза антиденелердің аз мөлшерін өндіруге байланысты қысқа қорғаныс әсерін береді. Екінші доза біріншісінің әсерін күшейтеді және нығайтады, адам организміндегі антиденелер саны артады.

Ресейлік «Спутник V» вакцинасының сапасы жеткілікті деңгейде тексеруден өтті ме?

Аталған вакцина Ресей Федерациясында мемлекеттік тіркеуден өтті және бірнеше ай бойы халықтың осал топтарын иммундау үшін қолданылып келеді. Ресей Федерациясының Тікелей инвестициялар қорының мәліметтері бойынша, бұл вакцинаны сатып алуға 50-ге жуық мемлекет өтініш берген, ал кейбір елдер (Беларусь, Аргентина, Сербия) қазірдің өзінде оны сәтті қолдануда.

Қолданыстағы заңнамаларға сәйкес, Қазақстан Республикасының аумағына тіркелмеген дәрілік заттарды әкелу кезінде дәрілік заттың сапасын растайтын өндірушінің қазақ немесе орыс тілдеріне аударма сасы бар құжатының электрондық көшірмесі болуы қажет (талдау сертификаттары немесе сынақ есебі немесе сапаны бағалау көрсеткіштері бар сапа паспорты). Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 15 желтоқсандағы №850 қаулысымен Қазақстан Республикасында өндірілген COVID-19 коронавирусына қарсы вакциналарды уақытша мемлекеттік тіркеу ережелері бекітілді.

Ресейден басқа тағы қандай вакцина өндірушілері елдермен ынтымақтастық туралы келіссөздер жүргізілуде?

Қазіргі уақытта ҚР Денсаулық сақтау министрлігі «Sinovac», «Sinopharm» (Қытай), «Phizer» (АҚШ) қоса алғанда, коронавирустық инфекцияға қарсы вакцина өндіруші бірқатар мемлекеттермен келіссөздер жүргізуде.

Біздің елімізде қандай вакциналар әзірленуде?

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы тіркеген коронавирустық инфекцияға қарсы вакциналар арасында Қазақстан өндірісінің бес үміткер вакцинасы бар. Біріншісі – клиникалық зерттеулер кезеңінде тұрған Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің Биологиялық қауіпсіздік проблемалары ғылыми-зерттеу институты әзірлеген инактивті вакцина. Қалған төртеуі:

1) Қазақ ұлттық аграрлық университеті Огайо штатының университетімен бірлесіп (АҚШ);

2) Қазақ ұлттық аграрлық университеті;

3) М. Айқымбаев атындағы аса қауіпті инфекциялар ұлттық орталығы;

4) БҚП ҒЗИ әзірлеп жатқан және клиникаға дейінгі зерттеулер сатысындағы суббірлік вакцина.

Вакцинацияның электрондық паспорты дегеніміз не?

Вакцинацияның электрондық паспорты дегеніміз – бұл вакцинаның медициналық тарихы. Бұл вакцина қабылдайтын халықты бақылау және мониторинг жүргізу және үздіксіз жүргізу үшін денсаулық сақтау саласындағы негізгі модуль (функционалдылық). Қазіргі уақытта Вакцинацияның электрондық паспортын әзірлеу аяқталып келеді. Паспорттың жұмыс қабілеттілігі медицина қызметкерлері үшін Денсаулық сақтау министрлігінің ақпараттық ресурстары арқылы, пациенттер үшін eGov Mobile мобильдік қосымшасын пайдалану арқылы іске асырылатын болады.

Вакцинацияның электрондық паспорты вакцинация ем-шарасынан өткеннен кейін тікелей eGov Mobile мобильдік қосымшасында қолжетімді болады. Вакцинацияның электрондық паспорты азамат туралы, ол алған вакцинаның түрі, вакцинация ем-шарасының кезеңділігі, сондай-ақ вакцинациядан кейінгі кезеңдегі бақылау туралы ақпарат қамтылады.

Интернетте халықты вакцинация арқылы жаппай чиптеу туралы айтылып жүр. Бұл қаншалықты ақылға қонымды?

Қазақстанда бірде-бір вакцинация адамды чиптеумен байланысты емес. Вакцинация жасамас бұрын әрбір адам вакцина құрамы туралы ақпарат беретін нұсқаулықпен танысуға құқылы.

Неліктен коронавирустық инфекцияға қарсы вакцина тез әзірленді?

Пандемия кезеңінде осы вакцинаға аса қажеттілік туындады. COVID-19 вакцинасын әзірлеу бүкіл әлемде коронавирустық инфекцияны жаппай жұқтыру және адамдың жаппай өлімі орын алғандықтан аса шұғыл жағдайда өтті. Бұдан басқа, фармацевтикалық компаниялар проблеманың ғаламдық деңгейде болуына байланысты вакцинаны тез әзірлеуге айтарлықтай ресурстар жұмсады. Бірақ, оның жылдам әзірленуі компаниялардың қауіпсіздік хаттамаларын айналып өтті деген сөз емес.

Н.Ф. Гамалея атындағы ЭжМҒЗО-ның «Спутник V» вакцинасына келетін болсақ, ол алдыңғы әзірлемелерге сүйене отырып жасалды. Орталық пандемияға дейін SARS-CoV-2 коронавирусы да жатқызылған РНҚ бар қабықты вирустарға қарсы вакциналар мен препараттар жасаудың технологиялық платформасын ашқан болатын.

Бүгінгі таңда әлемде көшбасшылар мен танымал тұлғалардың қайсысы коронавирусқа қарсы екпе алды?

АҚШ-та вакцинаны жаңадан сайланған президент Джо Байден алды – ол 78 жаста және тәуекел тобына жатады. Байденге Pfizer және BioNTech вакцинасы егілді.

Гвинея президенті Альфа Конде «Спутник V» вакцинасымен егілген елдің алғашқы көшбасшысы. Сондай-ақ, елімізде жоғары лауазымды 19 тұлға, оның ішінде Қорғаныс министрі егілді.

Аргентина президенті Альберто Фернандес Ресейде өндірілген «Спутник V» вакцинасымен коронавирустық инфекцияға қарсы вакцинация жасады. Президентке дейін Буэнос-Айрестің Денсаулық сақтау министрі Даниэль Голлан вакцинацияланды.

Венесуэла президентінің ұлы Николас Мадуро Герра Ресейде өндірілген «Спутник V» вакцинасымен коронавирусқа қарсы егілді.

Түркия президенті Режеп Ердоған CoronaVac қытай препаратымен коронавирустық инфекцияға қарсы егілді. Алғашқы егуді Түркия Денсаулық сақтау министрі Фахреттин Кожа жасатты.

Ватиканда 84 жастағы Рим Папасы Франциск пен 93 жастағы Рим Папасы Бенедикт XVI Pfizer вакцинасымен егілді.

Актер және Калифорнияның бұрынғы губернаторы Арнольд Шварценеггер Pfizer және BioNTech вакцинасымен коронавирусқа қарсы егілді. Американдық деректі кинорежиссер Оливер Стоун Ресейде өндірілген «Спутник V» коронавирустық инфекциясына қарсы вакцина жасатты.

Елімізде коронавирусқа қарсы отандық вакцинаны алғашқылардың бірі болып ҚР Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов алды. Сондай-ақ, еріктілердің қатарында ҚР Президентінің көмекшісі Ерлан Қарин, Жамбыл облысының әкімі Бердібек Сапарбаев вакцина алды.

ЖАНЫҢДА ЖҮР ЖАҚСЫ АДАМ

Таң атса – кеш батып, өмір өтуде. Қанша адам болса, сонша түрлі тағдыр иелері өмірден өз орындарын табуға талпынуда. Толықтай бақытты болу үшін қажетті 8 тармақты (денсаулық, отбасы, достар, хобби, жеке даму, демалыс, қаржы, жұмыс) қамтимыз деп жүріп, жанымыздағы жақсы адамдардың қадіріне жете бермейміз. Себебі, уақыт тапшы. Сондай бір олқылық орын алмау үшін дереу алғыс хат жазуды жөн көрдім.

Алматы қалалық Энерготиімділік және инфрақұрылымдық даму басқармасының бас маманы Уали Бекдос есімді азаматқа шын жүректен алғысымды жеткізгім келеді. Адамнан адамды биік қылатын адамгершілік, адалдық, еңбек сүйгіштік сынды асыл қасиеттер бір бойынан табылған арда азаматқа отбасымызбен ризамыз. Үй салуда туындаған мәселелер бойынша көмек сұраған едік, көп күттірмей қиналған кезімізде үлкен қолдау көрсетті. Құжаттарды дұрыс рәсімдеуге қатысты айтқан кеңестерінің арқасында көп уақыт бойы қалай жасалуын білмей жүрген сұрақтарымызға нақты жауабын алдық.

Қарапайымдылығы мен кішіпейілділігі бір төбе. Өз ісіне үлкен жауапкершілікпен қарайтын нағыз маман. Осындай азаматтарымыз арқылы халықтың тұрмысы жақсарып, еліміздің абыройы асқақтары анық. «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» демекші, игі іс елеусіз қалмауы керек. Ертеден келе жатқан дәстүр бойынша, ұрпаққа үлгі қылу мақсатында өнегелі азаматтарды дәріптеп, мерейін асырғанымыз жөн.

Жақсы адамдарды күнге теңеуге болатын шығар жақсылықтарының қарымтасын күтпей есепсіз сәулесімен жылытатын. Сондай жанымызда жүрген жақсы адам Уали Бекдос халықтың батасын тыңдап, алғысын алып, еңбегіңіздің жемісін көре беріңіз!

Гүлнұр СӘЛІМБАЙ,
Алматы қаласының тұрғыны

ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК **КОРОНАВИРУСТАН ҚАЙТЫС БОЛҒАНДАР САНЫ ӘЛЕМДЕ 2,2 МЛН АДАМНАН АСТЫ, БАСЫМ БӨЛІГІ АҚШ (420 МЫҢ), БРАЗИЛИЯ (217 МЫҢ) ЖӘНЕ ҮНДІСТАНДА (154 МЫҢ) ТІРКЕЛДІ**

ТҮРКІМЕНСТАН РЕСЕЙ ГАЗЫН ЕУРОПА НАРЫҒЫНАН ЫҒЫСТЫРА АЛА МА?

Бүгінде Еуропа газдың 37 пайызын Ресей Федерациясынан сатып алады. Мәскеудің осы қарқыны алдағы уақытта да сақталатын болса, 2040 жылдары еуропалықтардың 50 пайызы орыстың газын қолданатын болады. Ал, Беларусь, Грекия, Молдова, Болгария, Латвия, Финляндия, Польша, Германия, Австрия, Сербия сынды кәрі құрлықтың 28 елі қазірдің өзінде орыстың көгілдір отынына тәуелді (инфографиканы қараңыз). Украинадан Қырымды «қосып алғаннан» кейін Мәскеу Батыс елдерінің қаптаған санкцияларының құрсауында қалды. Санкциядан көз ашпаған көрші елдің экономикасы құлдырады. Ұлттық валютасы да құнсызданды. Содан өзінің географиялық жағдайын саяси қысымның құралына айналдырған Владимир Путин бастаған билік басындағылар жоғарыдағы газға тәуелді еуропалық елдерге көзін алартып, азулы тісін батыра бастады. Дегенмен, біреудің айтқанына көніп, айдауымен жүруді білмейтін орыс энергетикасына тәуелді кәрі құрлық елдері енді басқа аймақтардан мұнай-газ өнімдерін тасымалдауға бет алды.

Жанар ДӘУЛЕТҚЫЗЫ,
саяси шолушы

Рас, 28 елдің басын қосқан Еуропалық Одақ (ЕО) Ресей Федерациясынан сатып алатын газ көлемін мейлінше азайтуға мүдделі. Өйткені, кәрі құрлыққа шығыстағы елден жылына 140-150 млрд текше метр газ келеді. Бұл – Еуропадағы газ импортының 30 пайызы. Қырымдағы жағдайдан кейін Еуропа орыстардан алатын газ көлемін азайтуға бұрынғыдан да қаттырақ ұмтыла бастады.

Өткен жылы Германия астанасы Берлинде өткен неміс-түркімен форумында Түркіменстан газының Еуропа нарығына шығу жолдары қарастырылды. Осылайша, Ресей Федерациясына тәуелді болып қалуды қаламайтын еуропалықтар ондаған жыл өткеннен кейін көгілдір отынның қоры бойынша әлемде төртінші орын алатын Түркіменстанды еуропалық нарыққа қайта шақырды.

«Edison Technologies» энергетикалық компаниясының президенті Эдисон Касапоғлы мен Германия Сыртқы істер министрлігінің ресми өкілі Александр Шенфель Түркіменстанның Еуропаға газ құбырын тартуына енді ешқандай елдің кедергі бола алмайтынын мәлімдеді. Яғни, Түркіменстан Әзербайжанға дейін Каспийдің үстімен газ құбырын тартса, ары қарай түркімен газы еш кедергісіз «Оңтүстік дәлізімен» Әзербайжан, Грузия, Түркия арқылы Еуропа нарығына шығады (суретті қараңыз). Бұдан Ресей газына күні қарап қалған Еуропа елдері де, газын тек Қытайға ғана сатып жүрген Түркіменстан да ұтады.

Біріншіден, түркімен газының құны Ресейге қарағанда айтарлықтай төмен болғандықтан еуропалықтар қалтасын қақпайды. Екіншіден, Еуропа Ресей газына басыбайлы тәуелді болмайды. Үшіншіден, газын Қытайдан басқа қайда сатарын білмей отырған Түркіменстан үшін үлкен нарыққа жол ашылады, соңғы жылдары экономикасы кері кеткен «жабық елдің» табыс көзі кеңейеді.

Жалпы, Түркімен мемлекеті жылына 155 млрд текше метр газ экспорттайтын мүмкіндікке ие. Дегенмен, Ашхабад өзінің осындай экспорттық әлеуетін толықтай пайдалана алмай келеді. Ресей Федерациясының кейбір қадамдары түркімендер үшін жығылған үстіне жұдырық болды. Өйткені, сыртқа көгілдір отын сатуда Мәскеу мен Ашхабад бір-бірімен бәсекелес саналады. Әлемде газ қоры бойынша Ресей Федерациясы бірінші орынды, Түркіменстан төртінші орынды алады.

Еуропа елдеріне газ сатуда Ашхабадқа қарағанда Мәскеудің қолы ұзын. Ресейге қол созым жерде көгілдір отынға зәру еуропалық нарық тұр. Ал, түркімен газы Еуропаға жету үшін екі елді, атап айтқанда, Иран мен Түркияны басып өтуі керек. Иран арқылы газ құбырын тарту да оңай шаруа емес. Біріншіден, бұл қыруар қаржыны талап етеді. Еуропалық елдердің көмегінсіз газ құбырын тартуға Ашхабадтың қалтасы көтермейді. Екіншіден, ядролық бағдарламаға байланысты Тегеран мен Батыс елдері арасының суып кеткеніне біраз жылға тақады. Үшіншіден, Иранның өзі әлемдегі газды көп өндіретін үшінші және газ қоры көп екінші ел. Яғни, Түркіменстандай бәсекелес ел Иранға керек емес.

Түркіменстанның Каспий теңізінің үстінен құбыр жүргізіп, Әзербайжан, Грузия, Түркия арқылы еуропалық нарыққа өзінің көгілдір отынын сатудан басқа жолы жоқ. Түркімен газының еуропалық нарыққа шығуына газ сатудан алдына ешбір елді салмайтын Мәскеу ұзақ жылдар бойы тұсау салып келді. Әйтпесе, Ашхабадтың сонау екі мыңыншы жылдардан бастап еуропалықтарға көгілдір отын сатуға мүмкіндігі болды. Мәселен, 2002 жылы Түркіменстан, Иран, Ирак және Әзербайжан Ресейді айналып өтіп,



Түркия арқылы ЕО елдеріне Каспий аймағынан газ жеткізуді мақсат еткен «Набукко» газ құбыры жобасын дайындады. 2009 жылы Анкарада Түркия, Австрия, Болгария, Румыния және Мажарстан (Венгрия) елдері «Набукко» құбыр желісі бойынша үкіметаралық келісімге де қол қойды. Дегенмен, бастаманың аяқсыз қалуына Мәскеу тікелей себепкер болды.

ЕУРОПА ЕЛДЕРІНДЕГІ РЕСЕЙ ГАЗЫНЫҢ ҮЛЕСІ, %	
Финляндия	100
Беларусь	100
Болгария	100
Грекия	96,4
Молдова	85,7
Словакия	84,1
Латвия	76,5
Сербия	73,9
Австрия	70,1
Польша	64,2
Венгрия	64,1
Словения	62,5
Германия	61,9
Түркия	58,9
Чехия	57,7
Дания	53,1
Литва	45,0
Украина	44,6
Македония	40,0
Эстония	40,0
Италия – 38%, Франция – 37%, Хорватия – 30%, Ұлыбритания – 23%, Босния және Герцеговина – 22%, Румыния – 14%, Нидерланды – 12%, Швейцария – 10% көгілдір отынды Ресейден сатып алады	



Неге десеңіз, 2018 жылға дейін Каспийдің құқықтық мәртебесі айқындалмады. Ұзақ жылдар бойы Каспийдің жағалауында жатқан бес елдің өкілдері (Қазақстан, Ресей, Әзербайжан, Түркіменстан, Иран) оны теңіз немесе көл деп атау бойынша ортақ бір шешімге келе алмады. Егер Каспийді бес ел «теңіз» деп мойындаса, онда әр мемлекет өз секторын өз ықтиярымен пайдалануға мүмкіндік алады. Ал, Каспий «көл» болып шықса, онда бес ел табыстан түскен пайданы теңдей бөліседі. Каспий табанынан өтетін құбыр жобасы мұндағы экологияға кері әсер ететінін алға тартқан Мәскеу қарт Каспийге құқықтық мәртебе бермей созбақтап жүрді.

Естеріңізде болса, 2018 жылы Ақтау қаласында өткен Каспий жағалауы елдерінің V саммитінде Қазақстан, Әзербайжан, Түркіменстан, Ресей және Иран елдерінің басшылары Каспий теңізіне арнайы құқықтық мәртебе беретін Конвенцияға қол қойды. Енді Ашхабад Еуропаға газ тасымалдау үшін «Транскаспий» газ құбыры өтетін Әзербайжанмен ғана келіссөздер жүргізеді, яғни жағалаудағы басқа елдердің рұқсатын алуға міндетті болмайды. Осылайша, қолда бар газын еуропалықтарға сата алмай келген түркімендер үшін Еуропаға қарай бағдаршамның жасыл түсі жанды.

Сарапшылар техникалық тұрғыдан алғанда Каспий теңізінің үстімен Түркіменстан мен Әзербайжан арасын жалғайтын «Транскаспий» құбырын тартудың аса қиын еместігін айтады. Бар шаруа қаржыға келіп тіреледі. Ашхабадта дәл қазір бұл газ құбырын жүргізетін қаржы жоқ. Ол қаржыны табу үшін шетелдік инвесторларға арқа сүйейді. Ал, Бердімұхамедов «меншіктеп» алған «жабық» елдің жобасына қыруар қаржы салуға жұлқынып отырған шетелдік инвесторлар көп болмағанымен, Ашхабадтың қазіргі саясаты өз газын арзан бағаға болса да Еуропалық Одаққа сатуға мүмкіндік бермей отыр. Мұны Мәскеу де жақсы түсінеді. Дегенмен, 2018 жылғы Каспий жағалауы елдерінің V саммитіне дейін «Транскаспий» газ құбырының аты шыққалы оның салынуына қарсылық білдіріп келген Ресей Федерациясы енді Түркіменстанның бастамасына қарсы уәж айта алмайды.

Жалпы, Каспий маңындағы Түркіменстан мен Әзербайжаннан Түркия арқылы құбыр тартуды көздейтін «Оңтүстік дәліз» жобасы – Ресей газының Еуропалық Одақ елдері импортындағы үлесін біртіндеп азайту жоспарының бір бөлігі.

Сыйымдылығы 60 млрд текше метр болатын «Трансанатолий» құбырының (TANAP) құрылысы Түркияда 2015 жылы басталды. «TANAP» салынып бітіп, газ жіберілген күннен бастап Ресейдің мемлекеттік «Газпром» компаниясы еуропалық газ нарығындағы үлесінің үштен бір бөлігінен айырылады. Ал, «Газпромның» табысы Кремльдің жалпы кірісінің 25 пайызын құрайды.

Айта кетейік, Әзербайжан мен Түркіменстан газын өз жері арқылы өткізгені үшін Грузия да мол табысқа кенеледі.

ТОБЫҚТАЙ ТҮЙІН

Түркімен газы еуропалық нарыққа шықса, онда орыс газының тікелей бәсекелесі болатыны айтпаса да түсінікті. Мәскеуге бұл барлық жағынан тиімсіз саналады. Біріншіден, көгілдір отынның бағасын түсіреді. Екіншіден, кәрі құрлықты алқымынан қысып, жанын мұрындарының ұшына келтіруде мұнай-газын пайдаланып отырған Кремльдің мүмкіндігін шектейді.

■ Польшадағы «Аушвиц-Биркенау» мемлекеттік мұражайы. Мұнда 1940-1945 жылдары 1,5 млн адам атылған. Бүгінде осыншама туристер жылына бұл мұражайға келеді

ҚАРА ТУРИЗМ

ҚАЗАҚСТАНҒА ТУРИЗМНІҢ БҰЛ ТҮРІН ДАМЫТУҒА НЕ КЕДЕРГІ?

(Соңы. Басы 01, 03 беттерде)

қызығушылығын арттырған да осы кемелер еді. Өлкетанушы Серік Дүйсенбаев Аралға қызығушылық танытқан қарапайым туристерден бастап, деректі фильмдер, арт-жоба түсіруші шетелдік журналистер мен фотографтарға өңірде тур ұйымдастырумен айналысады. Туристерді күтіп алу, шығарып салу, қонақ үйге орналастыру, теңізге, балықшы ауылдарға саяхат (джип-тур) ұйымдастыруға көмектеседі. Егерде Серік Дүйсенбаев атқарып жүрген тірлік мемлекеттік деңгейде қолға алынып, туризмнің бұл түрі шетелге кеңінен насихатталса, Өлі теңіздегідей миллиондаған туристер келмесе де, апатты Аралға олардың мыңдап келетініне ешкім күмәнданбайды.

Қазақстандағы қара туризмнің екінші бағыты – «АЛЖИР». Елімізде Польшадағыдай лагерьлердің сан түрі болды. XX ғасырдың 30-40 жылдары ел аумағында ҚарЛАГ, СтепЛАГ, ЖезЛАГ лагерьлері ашылды. 1938 жылы НКВД-ның Ақмола арнайы бөліміне қарасты «Отанын сатқандардың әйелдеріне арналған Ақмола лагері» (АЛЖИР – Акмолинский лагерь жён изменников родины) пайда болды. Қазіргі Нұр-Сұлтан қаласына жақын орналасқан лагерьді тұтқындар бір сөзбен «АЛЖИР» деп атады.

Лагерьге сталиндік қуғын-сүргінге ұшырағандардың әйелдері мен туғантуыстары қамалды. «АЛЖИР»-де бір мезгілде 8 мыңға жуық әйел отырған, 600-ге жуық (нақты саны белгісіз) әйел қайтыс болған.

1953 жылы жабылған соң тұтқындар кенті «Малиновка» деп аталды, 2007 жылы «Ақмол» деген атауға ие болды. 2007 жылдың 31 мамырында Елбасының қатысуымен лагерьдің орнында «АЛЖИР» мемориалды-мұражай кешені ашылды. Бірақ, біздің «АЛЖИР» Польшадағы «Аушвиц-Биркенау» немесе Латвиядағы «Кароста» сияқты туристер санымен мақтана алмайды. Оның басты екі себебі бар. Біріншіден, насихаты жоқ. «АЛЖИР» мемориалды-мұражай кешенінің барын немесе қайда орналасқанын әлем тұрмақ өзіміздің халық та біле бермейді. Екіншіден, туристердің тартымдылығын арттыратын арнайы турлар ұйымдастырылмаған.

Осы тұста латыштардың «Каростасын» мысалға алайық. Лиепая қаласындағы бұрынғы «Кароста» түрмесі 1997 жылы мұражайға айналған. Мұражайға кіру құны ересектер үшін 5 еуро (2 550 теңге), балалар мен зейнеткерлер үшін 3 еуро (1 530 теңге), шоу көргіңіз келсе қосымша ересектер 6 еуро (3 050 теңге), балалар мен зейнеткерлер 4 еуро (2 040 теңге) төлейді.

Туристерге барлық жағдай жасалған. Түрме туралы бірнеше тілде ақпарат та беріледі, тақырыптық кәдесыйлар да сатылады. Велосипедті жалға алып, түрменің айналасын серуендеуге де болады. 16 минуттық «Кароста» фильмі де көрсетіледі. Қылмыскердің киімдерін де киіп көресіз. Олардың асханасында түрме тағамдарынан да дәм татасыз. Мұның бәрі билет бағасына кірмейді. Оған қосымша төлейсіз. Камерада бір түн түнеп, өзін қылмыскер сезінгісі келген туристер қосымша 15 еуросын (7 650 теңге) санап береді. Негізі сонау 1900 жылы қаланған, 150-ден астам «қылмыскер» атылған түрмеге келушілер қатары көп. Сайты бес тілде қызмет көрсетеді.

Үшінші бағыт – «Байқоңыр» ғарыш айлағы. Әрине, ғарышты игеру Қазақ даласынан басталғаны біздер үшін зор мақтаныш. Тартымды турлар ұйымдастырылса, туристер де ағылатыны сөзсіз.

Төртінші бағыт ретінде Семей полигонын айтса да болады. 1949 жылғы 29 тамызда таңғы сағат жетіде көз ілеспес жылдамдықпен ұлғайып бара жатқан отты доп кенеттен Жер денесіне қадалып, оны шарпып өтіп, аспанға көтерілген. Қолдан жасалған жел әп-сәтте жан жаққа таралды. Таяу жерлердегі сирек ауылдарда тұратын адамдар дір ете түскен жер мен жарты аспанды алып кеткен от-жалынға таңырқап, үйлерінен қарап тұрған. Жалғыз түп шөп қалмаған, жан-тәсілім алдында жанталасқан тышқандардың, қарсақтардың, кесірткелердің өлексесі табылған. Бұл КСРО-да тұңғыш атом бомбасының жарылуы еді. Сынақ аймағында 1949-1989 жылдары 470-тей қуаты түрлі ядролық жарылыстар жасалды. Семей полигонында әуеде, жер бетінде сынақтан өткізілген ядролық зарядтардың жалпы қуаты 1945 жылы Хиросимаға тасталған атом бомбасының қуатынан 2,5 мың есе көп болды. Яғни, қазақ пен оның даласы көрген қасіретті қара туризм аясында әлем назарына қайта салсақ әбестік болмас.

ҚАРА ТУРИЗМ: ҚАУІП ПЕН ҚАТЕР

Баскесерлер отырған Тай еліндегі «Бангкванг» түрмесі туристер үшін қауіпсіз деп ешкім нық сеніммен айта алмайды. Сондай-ақ, туристер үшін қауіпті елдердің көшін Солтүстік Корея (КХДР) бастап тұр. Көп елдер туристерге Пхеньянға баруға кеңес бермейді. Оған себеп те жоқ емес.

Отто Уормбир – КХДР түрмесінен туған еліне тірі өлік болып оралған американдық студент. Өкінішке қарай, саяхатты жаны сүйген 22 жастағы жігіттің алаңсыз өмірін Ким Чен Ын режимі ойран етті.

Оқу жылын аяқтаған студент өзінің кезекті саяхатына 2015 жылы аттанады. Бағыт – Солтүстік Корея. Вашингтон мен Пхеньян арасында дипломатиялық байланыс орнатылмағандықтан, Ақ үй КХДР аумағындағы өз азаматтарына қолдау көрсете алмайды. Сол себептен Вашингтон өз тарапынан халыққа мұндай елдерден аулақ болуға ескертеді. Бірақ, қараңғы туризмді жаны сүйетін жалынды жігіт социалистік елге туристік топ құрамында аттанады.

АҚШ азаматы Солтүстік Корея астанасына жеткен соң, туристерге арналған 47 қабатты қонақ үйге орналасады. Оттоға бәрінен қызығы – әр жерде ілінген үгіт плакаттары болды. Онда Солтүстік Корея зымыранының Ақ үйге шабуылы бейнеленген. Отто «қонақ үйдегі осындай плакаттардың бірін ұрлады» деген айыппен қамауға алынып, 15 жылға бас бостандығынан айырылып, қатаң түрдегі мәжбүрлі еңбекке жегілу жазасына ұшырайды. Уақытында саяси келісімнің болмауынан әрекетке көше алмаған АҚШ үкіметі Солтүстік Кореямен Швеция арқылы ғана байланыс жасай алды. Солтүстік Корея әскері тұтқынды бір жыл бойы жасырын ұстаған. 2017 жылы сол кездегі президент Дональд Трамптың араласуымен Отто бостандыққа шығып, еліне оралады. Солтүстік Кореяға турист ретінде өз аяғымен кеткен Отто Уормбирдің араға 1,5 жыл салып елге оралғандағы күйі Шыңғыс Айтматов шығармасындағы мәңгүртті еске түсіретін. Журналистер «былайынша дені сау адамға ұқсайды, бірақ ақыл-естен айырылған және көзі ашық болғанымен ештеңені көрмейді» деп жазды. Оттоға еш нәрсе көмектесе алмады. Отанына оралғанына 4 күн өткен соң жігіт қайтыс болды.

Әр елдің салты басқа. Заңды білмеу жауапкершіліктен босатпайтыны тағы бар. Өзге елге сапарға шықпас бұрын сол елдің салтынан, мәдениетінен және заңынан хабардар болған жөн. Әйтпесе, турист болып барып, тағдыры тәлкекке түскен Оттолар жетеді.

ТОБЫҚТАЙ ТҮЙІН

Өкінішке қарай, өткен ғасыр қазақтың басына небір нәубет әкелді. «Адам қазақ даласынан бірінші ғарышқа ұшты» деп мақтанғанымызбен, оның экологияға келтірген кері әсерін жоққа шығара алмаймыз. Саяси тұтқындар мен оның туыстары қамалған лагерьдің сан түрі болды. Талай қазақтың болашағына балта шапқан Семей полигоны тағы бар. Әрине, қазақтың қаралы тарихынан қара туризм арқылы табыс табу мораль тұрғысынан дұрыс болмас. Дегенмен, қыруар қаржы табудан бұрын туризмнің бұл түрі арқылы «мың өліп, мың тірілген» қазақтың өткенін барша әлемге паш етудің бір жолы осы болып тұр.

01-беттен

■ Ахмет Байтұрсынұлы 1926 жылы Бакуде өтетін Түрік білімпаздары съезіне барарда шығарып салуға жиналған інілері. Отырғандар солдан оңға қарай: Х. Хаббасов, М. Дулатұлы, А. Байтұрсынұлы, М. Әуезов. Тұрғандар: Ж. Аймауытов, Ә. Марғұлан, А. Байтасов

Тәуелсіздік Жыршысы

XX ғасыр осы бір ұлттық идеяға жаңа сипаттар қосты. Империализм жағдайында реакцияның күшеюі мен ұлттық езгінің тереңдеуі бұл тұста әлеуметтік революциялар мен ұлт-азаттық қозғалысын туғызды. Бұрын «бұратана» саналып келген халықтардың ұлттық сана-сезімі оянып, оның көрнекті өкілдері туған халқының тағдыры мен келешегі, қоғамның даму жағдайлары жайлы ойлана бастады. Қазақ поэзиясы ұлттық ой-пікірдің басы болып, осы кезде ұлт-азаттық идеясын жаңа сапаға көтере жырлады. Оның жаңа дәуірдегі бастаушысы Ахмет Байтұрсынұлы мен Міржақып Дулатұлы туған халқының патша отаршылдығынан босап, елінің егеменді болуын, қазақ қоғамының экономикалық және мәдени дамуда жаңа жолға түсуін ұлттық идеяға айналдырды. Ахмет пен Міржақып бастаған революцияшыл демократтық қозғалыстың қазақтық жолы осылай туды.

Әрине, Ахметті бұл жолға оның көрегендік, қайраткерлік сапаларына қоса дәуірдің тарихи жағдайлары дайындады. Ол көрген өмірдің ауыртпалықтары, патша өкіметінің отаршылдық қысымы ойлы жас бойындағы халықтық қасиеттерді оятты. Патша чиновниктерімен қақтығысқа келгені үшін әкесі мен ағасының сотталып жер аударылуы, жазалаушы отрядтың елге жасаған зорлық-зомбылықтары жас Ахметтің жүрегіне жара боп түсті. Осы жара ұлғая келе, оны күрес жолына дайындағанын біз ақынның өз өлеңдерінен білеміз.

Оқ тиіп он үшімде ой түсіріп,
Бітпеген жүрегімде бар бір жарам.
Алданып тамағыма, оны ұмытсам,
Болғандай жегенімнің бәрі харам.
Адамнан туып, адам ісін етпей
Ұялмай не бетіммен көрге барам! [1]

Түрмеде жатып анасына жазған хатында келтірген осы бір жолдар жас жүрекке түскен жараның үлкен азаматтық, адамдық дертке ұласуын бейнелейді. Азамат ұл сол дерттің халық басына түспеуін армандайды. Өлеңнен адамдық пен азаматтықтың туын жоғары ұстап, ел мүддесі үшін бар ғұмырын арнаған адамның биік идеалы танылады.

Ойы оянып, санаға сана қосып, ел тағдыры жайлы ойланғанда, Ахмет, ең алдымен, сол елдің өзімен тілдесуді, олардың жай-күйі жайлы көргендері мен ойларын ортаға салуды, болашақ жөніндегі ұғым-түсініктерін бөлісуді парыз санайды. Оған әдебиетті, өлеңді пайдаланады. Алайда, Ахмет көрген ел әлі ұйқыдан оянып болмаған, ынтымағы жоқ алауыз, сөз тыңдауға салғырт, берекесіздікке ұйыған қауым еді. Сондықтан Ақаң өлеңін «Маса» етіп жұмсап, ел құлағына барып ызыңдап, ұйқыдан оятуға тырысты. Атақты «Маса» жинағы (Орынбор, 1911) осылай туды. Ол осы үлгіде айтылған қазақ қоғамындағы ең алғашқы өткір әлеуметтік сөздің бірі болды. Ұлы Абай мен Ыбырайдың әдебиеттегі ағартушылық, демократтық дәстүрін жаңа қоғамдық өзгерістермен байланысты дамытқан Ахмет әлеуметтік-саяси жағдайларды түсінуде және суреттеуде едәуір ілгері басты. Ол өзі суреттеген халық трагедиясын азаттық идеяларымен жалғастырды. Ахметтің «Масасы» қазақ қоғамының тұтас бір буынын ұйқыдан оятып, ел қамын ойлауға дем бергенін кезінде талай үлкен адамдар атап айтқан. XX ғасырдың басындағы қазақ ағартушылары, демократ ақын-жазушылары, ойшылдары түгелге дерлік «Маса» мен «Оян, қазақтан» демеу алды, яғни Ахмет пен Міржақыптың кең қолтығының астынан өрбіді.

Ахметтің ақындығы «Қырық мысалдан» (Петербург, 1909) басталады. Бұл – И.А.Крылов мысалдарының аудармасынан құрастырылған және Ахметтің тәуелсіздік жолындағы күресін алғаш жария еткен еңбек болды. Аудару мерзімін Ахаңның өзі кітапта «1901-1904 жылдар» деп көрсеткен. Бұл кезде ол ауыл мектептерінде мұғалім болатын. Орыстың ағартушылық дәстүрі рухында тәрбиеленген жас ұстаз балаларды оқытуға, оларды жаңаша тәрбиелеуге әдебиетті пайдалана отырып, отаршылдық езген халықтың жай-күйін тұспалдап айту арқылы әділетсіздікке қарсы үн көтеруге әдебиет, оның ішінде мысал жанры қолайлы деп ұқты. Сондықтан да, ол аудармаларын мектеп бағдарламасымен шектемей, қалың қазаққа арнайды, қараңғылық пен езгіге қарсы күресуге, елді білім, ғылым жолына үгіттеуге пайдаланады. «Қырық мысалдың» ел ішіне кең тарап, Ахметтің атын да шығаруға себеп болғаны осыдан. «Қырық мысал» әдебиет тарихына жай қатардағы аудармалардың бірі ғана емес, жаңа мағынадағы салмақты, салиқалы ойымен, жарқын көркем бейнелерімен тың еңбек болып кірді. М.Әуезовтың оны «Қалың қазақ жұртының алғашқы естіген төңкеріс рухындағы сөзі» дейтіні де осыдан болса керек.

Бүгін осы аудармаларды қарап отырсаң, Ахаңды орыс ақынының аудармашысы ғана деп қарау тіпті жеткіліксіз сияқты. Мысалдың дүниежүзілік тарихы, үлгілері, әр елде өз классиктері барын ескерсек, сол жанрды аудару арқылы дамыту, тереңдету, өз ұлтының төл әдебиетінің дәрежесіне жеткізу арқылы атағы шыққан мысалшылардың қатарында тұруға Ахаңның да құқы бар екенін көреміз. Эзоптан Лафонтенге, Лафонтеннен Крыловқа ауысқан сюжеттер әр халықтың ұлттық характерін аша білуімен төл шығарма болып қабылданды. Крыловты Лафонтеннің аудармашысы деп қараушыларға қарсы В.Белинский тіпті де олай емес екенін дәлелдеп, оның характерлерінің ұлттық сипатын, сөз образдарының таза орыстық мән-мағынасын ашып көрсеткен еді. «Крылов өлеңдерінің көп жолдары мақалмәтелге айналып кетті. Солар арқылы дамуды шешуге де, өз ойыңды қайдағы бір теориялық дәлелдеуге бармай-ақ дұрыс жеткізуге болады... Крыловтың тәуір мысалдарында аю да, түлкі де жоқ, олар аң болып көрінгенмен, шын мағынасында адамдар, оның үстіне орыс адамдары», – деп жазды ол [2]. Осы тұрғыдан Ахаң еңбегін бағаласақ, оның мысал мазмұнын Крыловтан алғанмен, аңдарды бейнелеу әдісі мен көркем тіл жүйесін түгелдей өз халқының даналығынан алып пайдаланғанын көреміз. Крылов суреттеген қоғамдық әділетсіздікті, адамдар бойындағы озбырлық пен сұрқиялықты ол қазақтар бойынан табады. Соны қазақы сөзбен ашып, қазақтың ұлттық психологиясын, мінез-құлқын бейнелейді. Оқиғаны баяндаудан соң айтар ғибратына ауысады. Бұған дәлелді кез келген мысалдан алуға болады.

Мысалға «Қасқыр мен қозыны» алып қарайық. Осындағы қозы да, қасқыр да таза қазақтың қозысы, қазақтың қасқыры. Қасқырдың сылтау тауып қозыға тиісуі, мүсәпір қозының қорқып жалтаруы, қасқырдың қалай ақталса да құтқармай, оны жеуге ниет қылуы, арсыздығы – бәрі қазақ ұғымына тән. Бұлаққа су ішуге жалғыз келген қозының қатерге ілігуін «Бөрі жоқ десең, шығар бөрік астынан» деп Ахметте қазақ мақалымен түсіндіреді. «Әкеңді алдыңдағы танимысың», «Мойныңды қазір жұлып алайын ба» деген қасқыр сөзі де әлділердің әлсіздерге көп қолданатын тіркесі.

Ол саған әлде күйеу, әлде құда,
Сүймейді қой атаулы мені жұдә.
Я, бөлең, я жиенің, я нағашың,
Әйтеуір саған ұқсас еді о да. (63-б.)

Бұл жолдарда да қазақтың туыстық қарым-қатынасының сырлары ашылады. Мысал идеясы ашық.

Осындай жарықсызды жазғыратын,
Әр жерде күштілер де бар ғой қалып.
...Нашарды талай адам талап жеп жүр,
Бөріден артық дейміз оның несі?..
(64-б.)

Мұның несі Крылов? Бұл жолдарды оқығанда, Крылов ұмыт қалып, көз алдында Ахмет қана тұрады. Таза қазақы өлең – Ахмет өлеңі. Ахмет пайдасына шығатын тағы бір факт – оның Крылов өлең жолдарын жолма-жол аударып отырмай, мазмұнын алып, өзінше қара өлең үлгісімен, өз сөзімен жаңа өлең жасауында. Сондықтан кейде автор оқиғаны баяндауға өзіндік жол тауып, өлең көлемі орысшамен дәлме-дәл келмей, бірде кеміп, бірде өсіп отырады. «Жарлы бай» мысалында байлықты армандаған кедейдің қиялын Крылов орыс ұғымына сәйкес қысқа ғана жеткізсе, Ахмет оның қиялына тастан үй салдыруды, киер киім, ішер асты аямай жұмсауды қосады. Қонағына жұмсар жылқысын, қымызын, қойын, күнде той, күнде қызық ойын-сауығын санамалап өтеді. Бұл да қазақы түсініктен, ұғымнан туған образдар емес пе?!

Ойды түюге қазақы мақал-мәтелдерді пайдалану, тың сөз тіркестерін табу да Ахметте жиі кездеседі. «Алланың адам басы добы деген», «Жазмыштан озмыш болмас» деген сөзді, «Күнәлі біреу ойдан, біреу тілден», «Бұлттай жерге жаумай, суға жауған», «Басыңнан бақыт құсы ұшқан күні құл-құтан басынады, малайың да», «Асылды жасықпенен айырмайтын, сынынан сақта, Алла, надандардың», тағы басқа жолдар да қазаққа ғана тән ұғым-тіркестер.

Осылардың бәрі Ахметті Крылов мысалдарының аудармашысы ғана емес, қазақтың төл мысалшысы, ұлттық әдебиетте мысал жанрын туғызушы және дамытушы ретінде бағалауға дәлел бола алады. Бұл бағытта жаңа зерттеулер жасалуы керек.

«Маса» жинағы (1911) Ахметтің әлеуметтік шындықтың ақыны екенін анықтай түсті. Жинақ туралы М. Дулатұлы: «Өз өлеңдерінде А.Б. ғашықтық туралы, әйел туралы, табиғат туралы жырламайды, онда қанатты көпірме сөздерге құрылған өлең үлгісі де жоқ. Ол қарапайым, нағыз қазақ тілінде бостандық, ұлт туралы – қазақ халқының қанауда, артта қалғаны жайлы жырлап, оны оқуға, еңбекке және ұйқыдан оянуға шақырады, әрбір қазақтың бойындағы азаматтық сезімді оятуға ұмтылады» [3] дейді.

Мұнда Ахмет өлеңдерінің саяси бағдары, әлеуметтік мазмұны дұрыс көрсетілген. Автор кітабында, негізінен, өзін толғандырған, дәуірдің өзекті мәселелерін сөз етеді. Сол кездегі қазақ қоғамының даму жағдайларына, жерлестерінің күнкөріс тіршілігіне сын көзімен қарайды. Кітаптың сыншылдық рухы, заман жайлы толғанысы оның авторының Абай дәстүрімен үндестігін бірден байқатады.

Абай өлеңдерімен Ахмет ерте танысқан. Өзінің «Қазақтың бас ақыны» атты мақаласында ол: «1903 жылы қолыма Абай сөздері жазылған дәптер түсті» [4], – дейді. Талапкер жас оны ыждаһаттап, ойлап, түсініп оқығанға ұқсайды. «Сөз аз, мағынасы көп, терең» өлең үлгілері, ұлы ақынның құбылыстың «түбірін, тамырын, ішкі сырын, қасиетін қарамай» жазатыны, «сөзінің бәрі халыққа тіреліп, оқушылардың біліміне сын болып» жататыны оны қатты қызықтырған. Кейін өзі де осы үлгіні пайдалануға тырысқан.

«Маса» жинағына кірген өлеңдерде Ахмет ойшыл суреткер есебінде дәуірлік құбылыстарға ой көзімен қарай алды. Бұл оның «Қазақ салты», «Қазақ қалпы», «Жиған-терген» сияқты өлеңдерінде айрықша танылады. Бұларда Ахмет, ең алдымен, өз заманының тың сөзін айтқан, замандастарының жаңа бейнесін ашқан жаңашыл ақын боп көрінеді.

Қаз едік қатар ұшып қаңқылдаған,
Сахара көлге қонып салқындаған.
Бір өртке қаудан шыққан
душар болып,
Не қалды тәнімізде шарпылмаған.
(«Қазақ салты». 24-б.)

Қалтылдақ қайық мініп, еспесі жоқ,
Теңізде жүрмін қалқып, кешпесі жоқ.
Жел соқса, құйын қуса, жылжи беру
Болғандай табан тіреу еш нәрсе жоқ.
(«Қазақ қалпы». 25-б.)

Осы жолдардағы бейнелілікке көңіл аударып қарайықшы! Сахараның көлге қонып салқындап, еркін ұшқан қазы өртке душар болып, тәнінде шарпылмаған жер қалмаған! Отаршылдықтың өрті ғой бұл! Осыған қарсы тұрар кім бар, өрт сөндіре алар күш қазақта бар ма? Екінші өлеңде «Қалтылдақ қайық мініп, теңізде жүрген» халықтың күйі суреттеледі. Ақынды солар ойландырады. Ол тарихтың осындай қиын-қыстау кезінде – алаш азаматының бәрін – «таразыға тартып», сыннан өткізеді. «Тықылдап құр пысықсып сөйлейтіндер» («Екпіндеп ұшқыр атша қарқындаған»), «Бос белбеу, босаң туған бозбалалар» («Киіздей шала бықсып қарпылмаған»), «Еңкеңдеп ет аңдыған шалдар», «Қайырсыз сараң байлар», «Жарқылдаған түймеге сатылған» басшылар – бәрі де өлең жолдарына сыйған. Осыны ойлаған ақын қазақтың қазіргі күйін «қасірет» деген сөзбен түйіндейді. «Байға – мал, оқығанға – шен мақсұт болған» заманда «қазақ азған» дегенді айтады. Күйініп, ызаланып айтады. Ақын халықтың ынтымақсыздығын, береке-сіздігін өткір сынайды. «Жат жақта жаратқанға күзеттіріп, жақынмен ырылдасып, иттей үрдік!» дейді. Қандай образ! «Жаратқанға күзеттіруде» бүкіл қазақтың әрекетсіздігі, бейқамдығы жинақталып айтылған.

Қандай ұлы адамды алсаңыз да, оның ұлылығы, ең алдымен, туған халқына деген көзқарасынан танылады. Ол сол ортадан шығып, халқын ілгері бастауды армандайды, бірақ оны соңынан ерте алмай, күйінеді, оған ашу-ызасын арнайды, айналып кете алмай, орала береді. Абайдың қазақты сынай отырса да, одан кете алмайтыны:

Атымды адам қойған соң,
Қайтіп надан болайын.
Халқым надан болған соң,
Қайда барып оңайын! [5] – деп күйінетіні де сондықтан.

Сұлтанмахмұт та қазақты аз сынаған жоқ, оған ызаланып, талай қатты сөздер айтады. Сөйте тұра:

Сендерге әкеп шашуға,
Ілім-білім жинаймын, [6] – дейді.

Ұлы Ахмет те халқына ызалана, күйіне отырып, оның болашағы, азаттығы, елдігі жолына бар тіршілігін арнайды. Көкейдегі көңілді ойын халқына жеткізуді мұрат тұтады. Бұл тұрғыда оның «Жиған-терген» деген өлеңінің мәні ерекше. Бұл өлең жаңа бір дәуірде туған, ұлы Абайдың арман-мұңын аса бір қажет тұста қайталап қазағына қайта жолдаған «Сегіз-аяқтың» жалғасы, жаңа көрінісі сияқты. Ахмет те «Қиырдан қиып», «Құрап», «Сөз терген» тіл мен жақты халқына жұмсайды. «Тасалама ойыңды, жүрегіңнің жарасын көрсет – бері қарасан!» дейді, бірақ сөз ұқпайтын жерлестері, өзгермеген дүние тағы да алдын орап, жанын жейді. Күйінген Ахмет Абайша қайғырып, Абайша толғанады. «Жартасқа барып, күнде айғай салып», тек жаңғырығын естіп қайтқан Абай орнында «Қарқылдар қарға, шиқылдар арба, бойсүйсінер сазы жоқ» деп түңіліп отырған Ахметті көреміз. «Ұқтыра алмай сөз әуре, тек тұра алмай біз әуре», – дейді. Сөз тағы да айналып келіп ұйқышыл қазаққа тіреледі.

Осыларға күйіне отырса да, Ахмет туған халқынан күдер үзбейді, оларды оятудан үміттенеді.

Қазағым, елім!
Қайқайып белің!
Сынуға тұр таянып.
Талауда малың,
Қамауда жаның,
Аш көзінді оянып.
Қанған жоқ па әлі ұйқың?
Ұйықтайтын бар не сиқың! – деп тіл қатады. (30-б.)

Заманның іздемпаз, күрескер, ойлы жаңа адамы есебінде Ахмет өз тұрғыластарының жаңа бейнесін де таныды. Бұл – оның дәуірдің жаңа типтерін бейнелеуіне, өз кезінің ұнамды қаһармандарын сомдауына мүмкіндік береді.

Оның «Досыма хат», «Адамдық диқаншысы», «Анама хат», т.б. өлеңдері бұл тұрғыдан аса бағалы. Досын Ахмет:

Қырағы, қия баспас сұңқарым-ай!
Қажымас қашық жолға тұлпарым-ай!
Үйілген өлексені өрге сүйреп,
Шығармақ қыр басына, іңкәрім-ай! – деп суреттейді. Сырт қарағанда жаңалығы жоқ көрінетін «Сұңқарым», «Тұлпарым», «Іңкәрім» фольклорлық образдарға негізделгенмен, өлең ішкі мазмұны тұрғысынан көне үлгілерге тіпті ұқсамайды. Қашық жолға қажымаған, үйілген өлексені өрге сүйреп, қыр басына шығарудың қамында жүрген қайраткер – өз заманының жаңа типі.

Осындай қайраткерлердің жуан ортасында Ахметтің өз бейнесі тұр. Ол – Ахмет өлеңдерінің лирикалық қаһарманы күйінде суреттеледі. Одан біз «адамдықтың тұқымын егіп жүрген», «құл халықтың көңілін көтеру үшін» күрескен жаңа қаһарманды танимыз. Он үшінде жүрегіне түскен жараны ұмыта алмай, «ішкен тамағына алданбай», туған халқын азат ету жолына өмірін арнаған қаһарманның «тағдырдың кермесіне ұшырап» отырған күйзелісіне де ортақтасамыз. Заманның жаңа кейіпкерлерін суреттей отырып, Ахмет олардың құлашын жайдырмай отырған ескілікке, қазақы ортаның надандығына, «жаны – мал, жақыны – мал, малдың құлы» болып отырған жерлестеріне тағы да наразылық айтады.

Ахмет өлеңдерінің күрескер қаһарманы бойына төзімділік, қайсарлық, қиындыққа шыдамдылық сияқты қасиеттер тән.

Ұзақ жолға ниет қып бір шыққан соң,
Жарым жолдан қайтпаспын, қарындасым! – дейді ол Нәзипа Құлжановаға арнаған өлеңінде. Ең бастысы – ол өзі ұстаған жолына сенімді. Ісінің оң екенін түсінеді.

Тән көмілер, көмілмес еткен ісім,
Ойлайтындар мен емес – бір күнгісін.
Жұрт ұқпаса, ұқпасын, жабықпаймын,
Ел бүгіншіл, менікі – ертеңгі үшін.

Заманның әділетсіздігі, содан туатын көңіл-күй әсерлері Ахметтің «Жауға түскен жан сөзі», «Бақ» сияқты өлеңдерінде мейлінше шыншылдықпен, ойлы толғаммен суреттелген. Өмірдің қайшылықты құбылыстарының философиялық иірімдерін ол жанды құбылыс арқылы түсіндіреді.

Жанға көңіл қалып тұр,
Жан бұл күйге салып тұр.
Тәнге көңіл қалып тұр,
Тән шыдамай арып тұр.
Жұртқа көңіл қалып тұр,
Жұрт жалғанға нанып тұр. (33-б.)

Өмір өзгермелі, айнымалы. Бақ дегенде байлау жоқ. Пәле – аңдушыға, жала – қабаған төбетке айналған. Айнала жемтік аңдыған – сауысқан, қарға,

қарақұс. Жұрттың бәрі өзгерген, түлеген. Осы өзгермелі, айнымалы өмірден, ортасынан ақын безінеді. Ол мінез-құлық тұрақтылығын қалайды.

Ахметтің төл ақындық мұрасы негізінен осы екі кітаппен шектеледі. Кейінгі өмірінде Ахметтің поэзияға қайта оралмай, негізінен басқа салаларда еңбек еткенін білеміз. Ендеше, оның ақындық қызметінің бұл кітаптармен шектеліп қалуының өзі оқырмандардан «неге» деген сұраққа жауап іздетеді. Оған жауап та Ахметтің өз өлеңдерінде:

Мен жазған кеңес,
Мақтаныш емес.
Ат шығармас ақындық,



■ А. Байтұрсынұлының абақтыдағы соңғы суреті. 1937 жыл

Ер батқанда жорғалық,
Молда жоқта – молдалық, – дейді ол «Масаның» 1922 жылы Қазанда басылған нұсқасына қосқан «Жауап хаттан» атты өлеңінде. (41- 42 б.)

Бұл сөзіне және өлең жазуды кейін кәсіп етпеуіне қарағанда, Ахмет өзін ақын санамаған. Оның ақындығы мұқтаждықтан, қажеттікті өтеу парызынан, жоқтың орнын толтыру талабынан туады. Қазақ қоғамының XX ғасырдың басындағы күрделі даму жағдайларын түсіне білетін, оны елге жанашырлықпен жеткізіп, сол жағдайда ел дамуының, халық тағдырының қандай бағдар ұстауы керектігін айта алатын бір кісі керек еді. Ахмет осы ұлы қызметті атқарды, білгенін өлең тілімен де, публицистика түрінде де айтты. Сөз өнеріне жетік халықтың алдымен өлең оқитынын білетін Ахметтің осы саладағы алғашқы еңбектерін өлең түрінде бастауының себебі де осында. А.Пушкин тумай тұрған кезде, орыс мемлекетінің ұлттық тәуелсіз ел бола бастаған тұсында жаңа патриоттық, отаншылдық рухта өлеңдер жазған М.Ломоносовтың ақындығын В.Белинскийдің де кезінде осындай бір қажеттіктен туған деп түсіндіргені бар еді. Заманның, тарихи дамудың халық алдына қойып отырған үлкен талабын өтеу үшін туатын ұлдары болады. Олардың еңбегі де, ісі де әр жағдайда қайталанып жатады. Ахмет өмірінен осындай тарих талабының жаңаруын көреміз.

Ахмет «Масасы» талай елді оятты. Алдымен ойы бар, ақылы бар жас таланттар оянды. Олар ұстаз ағасының ісін жалғастырып алып кетті. Қазақтың ағартушылық, демократтық әдебиеті жаңа заманның талап-тілегіне орай толыса, кеңейе түсті. М.Дулатұлы, М.Сералин, М.Жұмабаев, С.Дөнентаев, т.б. әр салада қызмет етті. Жаңа жанрларды туғызды. С.Сейфуллин, Б.Майлин, І.Жансүгіров тәрізді жастар әдебиетке келді. Бәрі бірігіп әдебиеттің ізденісін, тақырыптық ауқымын көтерді.Ендігі жерде Ахметтің олармен жарысып, поэзияда қызмет етуі де қажет болмай қалды. Мұны ол түсінді. Өзін басқа саладағы еңбекке жұмсады. Ұлылықтың өзі де осындай көрегендікте жатыр.

«Ломоносовтың бойында екі түрлі қабілет бар – ақындық пен ғалымдық, оның соңғысы алғашқысына қарағанда күштірек»,[7] – деген еді В.Белинский. Осыған ұқсас жайды Ахмет бойынан да көреміз. Оның ақындығын кейін ғалымдығы жеңіп кетті.

Әрине, бұл Ахметтің ақындығын, азаматтық поэзиядағы талантты туындыларын жоққа шығара алмайды. Ол өз дәуірі үшін биік мәдениеттің ақыны болды. Өлеңдері үгіттік сарынмен шектелген жоқ. Ақын заманының жаңа сөзін шын талантпен, нанымды түрде, суреткерлікпен айта білді. Бейнелі сөз иірімдерін, жаңа образдар туғызды. Бұл – Ахметтің ақындық мұрасының маңызын, оның мазмұндылығын көтере түседі. Қазақ даласына азаматтық идеясы тарай бастаған тұста жаңа поэзияның бастаушысы, алғашқы ту ұстаушысы болып Ахмет қашан да тарих биігінде тұрады.

1. Байтұрсынов А. Шығармалары. Алматы, 1989. 30–б. Кейінгі үзінділер осы кітаптан алынады.

2. Белинский В.Г. собр. соч. в 3–х томах. М., 1948. Т. 2. С. 715.

3. Дулатов М. Ахмет Байтурсынович. Биографический очерк / Труды общества изучения Киргизского края. Оренбург, 1922. С. 19.

4. Байтұрсынов А. Қазақтың бас ақыны // Қазақ. 1913. №39, 40.

5. Құнанбаев А. Шығармалалары. Алматы, 1977. 1–т. 282–б.

6. Торайғыров С. Сарыарқаның жаңбыры. Алматы, 1987. 1–т. 109–б.

7. Белинский В.Г. Собр. соч. в 3–х томах. М., Т. 3. С. 109.

ҒҰМЫРЫН ҒЫЛЫМҒА АРНАҒАН ҒАЛЫМ

Заядан Болатхан Қазыханұлы 1961 жылы 8 ақпанда Моңғол Халық Республикасының Қобда қаласында дүниеге келген. Ата–анасы, мұғалімдері оның өмірдегі жолын анықтап, білімге деген сүйіспеншілігін оята алды. Әкесі Қобда орта мектебінің химия және биология пәндерінің мұғалімі болған. 1969–1979 жылдары Қобда қаласындағы орта мектепте оқыды. Оның оқушы кезінен биология, өмір және тірі табиғатқа деген қызығушылығы болып, ол тірі ағзаларды зерттеуді ұнатқан.

Аида ҚЫСТАУБАЕВА,
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Биотехнология кафедрасының меңгерушісі

1979 жылы орта мектепті бітіргеннен кейін Ұлан-Батыр қаласындағы Моңғол ұлттық университетінің биофизика және биология мамандығы бойынша жаратылыстану факультетіне оқуға түседі. Студенттік жылдардың өзінде оның мақсаткерлігі, жаңа білім алуда табандылығы көрінді. Бұл университет оқытушылары мен басшылығының назарын аудартты. Үздік студенттермен бірге 1983 жылы ғылыми-өндірістік тәжірибеден өту үшін оны М. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетіне және А. Жданов атындағы Ленинград мемлекеттік университетіне жібереді.

1984 жылы университетте оқуын аяқтағаннан кейін Болатхан Заядан өзінің еңбек жолын Моңғолия Ғылым академиясы Жалпы биология институтының (ЖМИ) микробиология зертханасында кіші ғылыми қызметкер ретінде бастайды. 1987 жылы ол МҒА биотехнология институтының микробиологиялық синтез зертханасына МҒА биотехнология институтының директоры, б.ғ.д., профессор, МҒА академигі Т. Пунцагтың басшылығымен ғылыми қызметкер лауазымына жұмысқа ауысады, онда ол хлорелланы жаппай өсіру, оларды өнеркәсіпте пайдалану жөніндегі өндірістік тәжірибелерге белсенді қатысады. Тынымсыз еңбектің нәтижесінде ол Моңғолияның мал шаруашылығы мен құс шаруашылығы кешендерінде пайдаланылатын белок мөлшері жоғары және биологиялық белсенді заттары бар жоғары өнімді хлорелла штамдарын алды.

1989 жылы Болатхан Заяданның өмірі мен ғылыми қызметінің жаңа кезеңі басталды. Оның ғылыми қызығушылықтарының шеңбері анықталып, тәуелсіз ғалым ретінде қалыптасуына ықпал етті. Ол үлкен ғылымға жолын Мәскеуде, КСРО Ғылым Академиясының Өсімдіктер физиологиясы институтында бастайды, онда бір жыл альгологтар мен биотехнологтардың танымал мамандары профессор В.Е. Семененко, Л.Н. Цоглин және М.Г. Владимировтың жетекшілігімен зерттеуші-тәжірибе жинақтаушы болып жұмыс істейді.

1990 жылдан бастап ол Ленинград мемлекеттік университетінің биотехнологиялық орталығында екі жылдық тағылымдамадан өтті. Онда оның тәлімгерлері б.ғ.д., профессор, КСРО ҒА академигі С.Г.Инге-Вечтомов, б.ғ.д., профессор К.В. Квитко, б.ғ.д., профессор В. Громов, б.ғ.к., профессор А.С. Чунаев сияқты танымал ресейлік ғалымдар болды.

Жетекші ғылыми орталықтарда тағылымдамадан өту кезеңінде Болатхан Заядан зерттеудің жаңа әдістерін меңгеріп қана қоймай, өзінің теориялық жүгін толықтырды, сонымен қатар, осы ұжымдардың ғылыми қызметіне белсенді қатысты. Оның жұмысының нәтижесі «КСРО-ның микробалдырлар дақылдары коллекцияларының каталогы» жинағына енгізілген хлорелла мутантты штамдарын сипаттау және сертификаттау болды. Ол Spirulina platensis микробалдырларының фоторезистеттік штамын алды, оның биологиялық белсенді заттардың өндірушісі ретінде биотехнологиядағы маңыздылығын көрсетті.

Мұндай белсенді ғылыми қызмет назардан тыс қалмады және 1993 жылы Болатхан Заядан Санкт-Петербург мемлекеттік университетінің Генетика және селекция кафедрасына аспирантураға қабылданды. Онда гербицидке төзімді Chlamydomonas reinhardtiiдің мутантты штамдарын алуға, олардың генетикалық, биохимиялық және биофизикалық қасиеттерін зерттеуге арналған диссертация бойынша жұмыс істейді.

1996 жылы «Норфулорозанға төзімді Chlamydomonas reinhardtii мутантты штамдарының генетикалық талдауы» тақырыбында кандидаттық диссертациясын сәтті қорғағаннан кейін ол ғылыми жұмысын СПбМУ биология ҒЗИ аға ғылыми қызметкері ретінде жалғастырады, INTAS-94-2594 «Biochemical and genetic characterization of Chlamydomonas reinhardtii mutants» және РФФИ 93-04-6781 «Chlamydomonas reinhardtii бір клеткалы жасыл балдырлар пигменттерінің биосинтезін генетикалық бақылау» тақырыптары бойынша ғылыми жобаларды жүзеге асыруға қатысады. Жұмыс нәтижелері ММУ профессоры Д.Н.Маторин мен швейцариялық зерттеуші профессор А. Боскеттидің назарын аудартып, олардың ғылыми ынтымақтастығына негіз болған.

1992 жылы Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы құрылды. Оның Төрағасы болып Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев сайланды. Осы бірінші Құрылтай жиналысында қауымдастық президиумының Төрағасы Нұрсұлтан Назарбаев өз сөзінде этникалық қазақтарға: «Бізде бұл әлемде бір ғана Отанымыз бар және ол Тәуелсіз Қазақстан! Тәуелсіз Қазақстанның кең құшағы сіздер үшін ашық», – деді. Елбасының мұндай сөздері Отанға деген сүйіспеншілік сезімін, халықтың рухын оятты.

Содан кейін 1994 жылы М.В. Ломоносов атындағы ММУ-де сөйлеген сөзінде Тұңғыш Президентіміз Н.Ә. Назарбаев Ресей мен Қазақстанда білім және ғылым саласында жаңа бірлескен бағдарламалар мен жобаларды құру есебінен Еуразиялық экономикалық одақ құру, ғылымды дамытудың мүмкіндіктері мен перспективалары туралы айтты.

Жаңа ғасыр – ғылым ғасыры. Тәуелсіз Қазақстанның XXI ғасырдың ірі дамушы елдерінің біріне айналу себептерінің бірі ғылымдағы жетістіктерге тікелей байланысты. Нұрсұлтан Назарбаев бұл даусыз фактіні түсіне отырып, әрқашан отандық ғылымды дамытуды алға қойған. Ол Қазақстан Республикасында білім беруді, ғылымды, өнерді, мәдениетті, спортты және инновациялық технологияларды дамытуға өз үлесін қоса алатын шетелдегі потенциалды жас мамандарды әрқашан құптады және өз сөздерінде кеңес заманында шетелге кеткен ұлттық кадрларды Қазақстанның өркендеуіне өз үлестерін қосып, еліміздің игілігі үшін қызмет етуге шақырды. Біздің Тұңғыш Президентіміздің басқаруының парасатты саясатының арқасында көптеген ғалымдар, өнер және спорт саласының мамандары, дәрігерлер бүгінде Қазақстанды күллі әлемге паш етіп отырғанын бәріміз білеміз.

Қазақ халқы әрдайым өнер мен ғылымға ерекше көңіл бөлгені белгілі. «Білім – байлықтан да қымбат» деген қағиданы ұстана отырып әрі халқымыз өзінің дүниетанымын кеңейте отырып, даналыққа, рухани құндылықтарды дамытуға ұмтылды. Мұның бәрі, әрине, Болатхан Заяданның өзінің тарихи Отанына оралуына ықпал еткен себептердің бірі болды.

Осылайша, 1997 жылы кандидаттық диссертациясын сәтті қорғағаннан кейін жас әрі мақсатқа ұмтылған ғалым өзінің таңдаған саласы – фототрофты микроорганизмдердің биологиясы мен биотехнологиясындағы зерттеулерін жалғастыруға үміт артып, Алматы қаласына көшіп келеді. Мұнда ол сол күнгі Орталық Азия мен бұрынғы Кеңес Одағындағы альгобиотехнологияларды дамытудың қазіргі проблемалары мен перспективаларын талқылау үшін танымал альголог, биология ғылымдарының докторы, профессор Т.Т. Таубаевпен кездеседі. Профессор Т.Т. Таубаевтың басшылығымен Өзбекстан Республикасында микробалдырларды жаппай өсіру және оның биомассасын ауыл шаруашылығында пайдалану бойынша үлкен ғылыми жұмыс жүргізілді.

2001 жылдан бастап Болатхан Заядан әл-Фараби атындағы ҚазҰУ биология факультетінің деканы, б.ғ.д., профессор, Қазақстан Ұлттық Жаратылыстану ғылымдары академиясының академигі А.А. Жұбанованың қолдауы нәтижесінде өзінің еңбек қызметін Қазақ ұлттық университетімен тығыз байланыстырды. Профессор А.А. Жұбанова ғылымда көрегендікке ие бола отырып, алғашқы танысуынан бастап осы ғылыми бағыттың маңыздылығы мен өзектілігін түсінді және оның ғылыми потенциалын зерттей отырып, оны микробиология кафедрасының доценті ретінде жұмысқа қабылдады, одан әрі докторантураға түсуге, кафедрада жаңа бағыт – фототрофты микроорганизмдердің биотехнологиясын дамытуға мүмкіндік берді. Осылайша, Қазақстанда алғаш рет әл-Фараби атындағы ҚазҰУнің сол кездегі микробиология кафедрасында Болатхан Заядан фотобиотехнология зертханасын құрды, оның базасында қазіргі уақытта микробалдырлар мен цианобактериялардың молекулярлық-генетикалық таксономиясы, микробалдырлар биологиясы мен экологиясы, фототрофты микроорганизмдердің физиологиясы, биохимиясы және биотехнологиясы бағыттары бойынша ғылыми зерттеулер жүргізілуде.

Болатхан Казыханұлы «Фототрофты микроорганизмдер, оларды биотехнология мен биоэнергетикада қолдану» бағыты бойынша Қазақстан үшін жаңа ғылыми мектеп құрған. Оның негізінде әл-Фараби атындағы ҚазҰУ биология және биотехнология мәселелері ғылыми-зерттеу институтының биотехнология зертханасы жұмыс істейді. Осы зертхана базасында ол микробалдырлар мен цианобактериялардың биологиясы мен биотехнологиясына арналған ҚР БҒМ және ҰҒА қаржыландыратын 18 ғылыми-зерттеу жобасына басшылық жасады. Оның ғылыми мектебін зерттеудің негізгі бағыттары биотехнологиялық маңызы бар фототрофты микроорганизмдердің перспективті дақылдарын іздеумен және зерттеумен, атап айтқанда, медицинада биологиялық белсенді заттар (ББЗ) және ауыл шаруашылығы үшін биологиялық белсенді қоспалар (ББҚ), биоотын және биотыңайтқыштар алу, ластанған қоршаған орта объектілеріне биомониторинг және биоремедиация жүргізумен байланысты.

Болатхан Заяданның жаңартылатын энергия көздері саласындағы фототрофты микроорганизмдер негізінде биоотын алуға бағытталған зерттеулерін ерекше атап өткіміз келеді. Бұл қазбалы көмірсутектерге экологиялық таза және экономикалық тиімді балама болып табылады. Сонымен, Болатхан Заядан биодизель отынын алуға үміткер ретінде ұсынуға мүмкіндік беретін, белсенді өсу қабілетімен және биомассадағы липидтердің жоғары құрамымен сипатталатын Chlorella sp.1, Chlorella pyrenoidosa C-2m және Cyanobacterium sp. IPPAS B-1200-2 сияқты микробалдырлар мен цианбактериялардың перспективті штамдарын алды.

Қазіргі уақытта академик Болатхан Заядан «Биоотын өндірісі үшін цианобактериялардың перспективалы штамдары негізінде биосутегі алу технологиясын әзірлеу» жаңа бағытымен айналысады. Биологиялық отындардың әр түрлерінің ішінде биосутегі ең таза және құнды түрі болып табылады, болашақтың экологиялық таза және жаңартылатын энергия тасымалдаушысы ретінде ең перспективалы үміткер бола алады.

2017 жылы Болатхан Заядан Елордада өткен «Болашақ энергиясы» тақырыбына арналған EXPO-2017 халықаралық мамандандырылған көрмесіне қатысты. Онда энергия үнемдеудің үздік әлемдік технологиялары, қолданыстағы баламалы энергия көздерін пайдаланудың жаңа әзірлемелері мен технологиялары ұсынылды.

Болатхан Қазыханұлының ғылыми-педагогикалық нәтижелері таң қалдырықтай. Қазіргі уақытта ол алыс, жақын шетелдерде және Қазақстанда 20-ға жуық патенттер мен 400-ден астам жарияланымдардың, оның ішінде 15 кітап пен 5 монографияның және International Journal of Hydrogen Energy, Journal of Biotechnology, Genome Announcements, FEMS Microbiology Letters, Photosynthesis Research, Russian journal of Plant physiology, Microbiology, Applied Microbiology and Biotechnology, Renewable and Sustainable Energy Reviews сияқты халықаралық әрі жоғары рейтингті журналдарда жарияланған 80-нен астам мақалалардың авторы.

Қазіргі биотехнология кафедрасының және Қазақстандағы фотобиотехнология бағытының заманауи жағдайы негізінен профессор Болатхан Казыханұлының еңбектері және зерттеулерімен алдын-ала айқындалған деп толық негізбен айтуға болады.

Өскелең ұрпаққа өнеге болатын іс жасаған, білімін Отанға арнаған ғалымымыз Заядан Болатхан Казыханұлын әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің биотехнология кафедрасының ұжымы 60 жасқа толған мерейтойымен шын жүректен құттықтайды!

ҚАЗАҚСТАНДА БІР ЖЫЛДА КОММУНАЛДЫҚ ҚЫЗМЕТ АҚЫСЫ ҚАЛАЙ ӨЗГЕРДІ?

		2020 жылғы қаңтар айындағы баға	бір жылдағы айырмашылық	2021 жылғы қаңтар айындағы баға
жылу	1 м² үшін	147,72 теңге	▲ 20,3%	177,68 теңге
ыстық су	1 м³ үшін	402,13 теңге	▲ 10,4%	443,92 теңге
электр энергиясы	1 кВт үшін	17,79 теңге		17,79 теңге
қоқыс шығару	1 адам үшін	553,04 теңге		553,04 теңге
байланыс қызметі	айлық абонемент	5 999 теңге		5 999 теңге
кәріз қызметі	1 м³ үшін	25,92 теңге	▼ 0,6%	25,76 теңге
газ	1 адам үшін	296,37 теңге	▼ 0,7%	294,41 теңге
суық су	1 м³ үшін	50,01 теңге	▼ 4,0%	48 теңге

ҰЛТТЫҚ АКАДЕМИЯЛЫҚ КІТАПХАНАДА АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІНІҢ ҚОЛДАУЫМЕН ЖАРЫҚ КӨРГЕН «ЕР ЕДІГЕ – НОҒАЙЛЫ ДӘУІРІНІҢ ЖЫРЫ» АЛЬБОМЫ ТАНЫСТЫРЫЛДЫ

«ШӘЙНЕК ҒИМАРАТ»

Wuxi Wanda Exhibition Center («Шәйнек ғимарат») – Қытайдың Цзянсу ауданындағы Уси қаласында орналасқан саз балшықтан жасалған шәйнек кейпіндегі мәдени көрмелер орталығы. Өйткені, саз балшықтан жасалған шәйнектер XV ғасырдан бері аспан асты елінің бойтұмарына айналған. Ал, мұндай шәйнектер осы ауданда жасалады. 2017 жылы есігін айқара ашқан ғимараттың биіктігі 40 метрге жетеді. Оның құрылысына 40 млрд юань (2,5 трлн теңге) жұмсалды.

ТОП–10: МИЛЛИАРДЕРЛЕРІ ЕҢ КӨП ЕЛДЕР (2020)

Дереккөз ▮ Forbes (2020)
Инфографика ▮ Айнұр Қайратбекқызы

МЕНШІК ИЕСІ «МИРАС ИНФО» БАСПАСЫ

РЕДАКЦИЯ ЖӘНЕ АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ **МАХМҰТ НӘЛІБАЕВ**
БАС ДИРЕКТОР **ҚАЛИ ҚАМБАРОВ**
БАС РЕДАКТОР **ЖАСҰЛАН МӘУЛЕНҰЛЫ**
БАС РЕДАКТОРДЫҢ ОРЫНБАСАРЫ **СИВИ МАХМУДИ**
ЖАУАПТЫ ХАТШЫ **МАРЖАН ЖАМБАЙ**
КӨРКЕМДЕУШІ РЕДАКТОР **АЙНҰР ҚАЙРАТБЕККҚЫЗЫ**
ШОЛУШЫЛАР **МАДИЯР ӘЗИЗҰЛЫ, АРУЖАН МҰХАНБЕТҚАЛИ, ЖАНАР ДӘУЛЕТҚЫЗЫ, ФАРАБИ СӘЙКЕНОВ**
МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР **ЖАНСАЯ ШЫҢҒЫСХАН** – НҰР-СҰЛТАН, **СЕРІК ШАЙМАН** – ҚОСТАНАЙ
АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ **ҚОҒАБАЙ СӘРСЕКЕЕВ, СЕРІК ҚИРАБАЕВ, САЙЛАУ БАЙЗАҚОВ, ХҰСАЙЫН УӘЛИЕВ, АЛМА ДОСЖАНОВА, ГҮЛБАРШЫН СӘРСЕКЕЕВА, САҒЫМБАЙ ҚОЗЫБАЕВ**

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ
Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, A05A1D6, **Абай даңғылы, № 143, 3 қабат, 303 кеңсе** (редакция)
A25H9M7, **Береговая көшесі, 12 үй** (бас кеңсе)

РЕДАКЦИЯНЫҢ БАЙЛАНЫС ДЕРЕКТЕМЕСІ
+7 (701) **505 48 48** **kazakh_2006@mail.ru**

ГАЗЕТ ТЕГІН ТАРАЛАТЫН МЕКЕМЕЛЕР
Халықаралық Алматы әуежайы — Б. Майлин к-сі, №02
Алматы метрополитенінің барлық бекеттері — «Райымбек батыр», «Жібек жолы», «Алмалы», «Абай», «Байқоңыр», «Мұхтар Әуезов атындағы театры», «Алатау», «Сайран», «Мәскеу»
«Алматы-1» теміржол бекеті — Станционная к-сі, № 01
«Алматы-2» теміржол бекеті — Абылай хан даң., № 01
«Сайран» автобекеті — Төле би к-сі, № 294

ГАЗЕТ САТЫЛАТЫН ДҮҢГІРШЕКТЕР
«Караван», «Kok tengri» (Мир пресс) **дүңгіршектері**

ГАЗЕТКЕ ЖАЗЫЛУҒА БОЛАТЫН МЕКЕМЕЛЕР
«Қазпошта», «Евразия пресс», «Эврика пресс» бөлімшелері

ТАРАЛЫМЫ 20 300 ДАНА **ТАПСЫРЫС № 92 / 13**

Газет «Алматы-Болашақ» (Алматы, Мұқанов к-сі, 223 «В») **және «Өмір-Нұр»** (Талғар, Қонаев к-сі, 18) **баспаханаларында басылды**

Газет ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркеліп, есепке қою туралы № 17704-Г куәлігі 2019 жылдың 15 мамырында берілді.
Алғашқы есепке қою № 6897-Г куәлігі 2006 жылы 7 ақпанда алынды.
Газет 1913-1918 жылдары Алаш арыстары Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатовтың ұйытқы болуымен жарық көрді.
2006 жылы Қоғабай Сәрсекеевтің бастамасымен № 266 санынан қайта шықты.
Мақала авторларының пікірлері редакцияның көзқарасын білдірмейді, авторлардың мақалалары қысқартылып, редакцияланады.
Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына/ тіліне жауап бермейді.
Газетте интернет сайттарының фотолары, inform.kz, baq.kz, baribar.kz, tengrinews.kz ақпараттық агенттіктерінің мақалалары мен деректері қолданылды.
Газет әр аптаның сейсенбі күндері жарық көріп, Қазақстан Республикасының барлық аймақтарында жазылым, бөлшек сауда арқылы және тегін таралады.

Редакция «Qazaq» газетіне жазылудың ең оңай жолын ұсынады

Енді «Qazaq» газетіне жазылу үшін бұрынғыдай кезектен көз ашпайтын «Қазпошта» бөлімшесіне барып, уақыт жоғалтудың керегі жоқ. Сонымен...

СІЗ ОЛ ҮШІН

I. Газеттің жауапты хатшысы Маржан Жамбайдың Kaspi Gold [5169 4931 4731 3665] картасына қажетті ақшаны [12 айға – 5 000 теңге] аударсаңыз;

II. Kaspi Gold арқылы аударған қаржыны растайтын түбіртек көшірмесін және атыжөніңізді, тұрғылықты мекенжайыңызды редакцияның WhatsApp [+7 777 797 77 88] нөміріне жіберсеңіз жеткілікті.

СОДАН КЕЙІН

I. Сіз үшін редакция қызметкері «Қазпошта» бөлімшесіне барып, аударған ақшаңызға газетке жаздыртады;

II. Әр апта газетті үйіңізге пошташы апарып беретін болады;

III. Газетке бір құттықтауыңызды тегін жариялауыңызға мүмкіндік беріледі.

«Qazaq» газеті әр аптаның сейсенбі күндері Халықаралық Алматы әуежайында, «Алматы-1», «Алматы-2» теміржол бекеттерінде, «Сайран» автобекетінде, Алматы метрополитенінің барлық 9 бекетінде тегін таратылады және «Караван», «Kok tengri» дүңгіршектерінде сатылады

ҚҰЛАҚТАНДЫРУ!

«Qazaq» газетіне PR мақала, құттықтау, жарнама, көңіл айту, хабарландыру бергіңіз келсе, редакцияға хабарласыңыз:
+7 (701) 505 48 48, +7 (777) 797 77 88

ЖАРТЫ ҒАСЫРЛЫҚ ТАРИХЫ БАР КОМЕДИЯ

(«ТАҚИЯЛЫ ПЕРІШТЕ» ФИЛЬМІНІҢ БАС КЕЙІПКЕРІ ӘЛІМҒАЗЫ РАЙЫМБЕКОВ ӨМІРДЕН ӨТТІ)

Әуезді әуен мен қыран күлкі тоғысқан Шәкен Айманов тағы аңызға айналған «Тақиялы періште» фильмі – Кеңес Одағы кезінде түсірілген қазақ комедиясы. Талай көрерменнің жүрегінен орын алып, әлі күнге дейін көпшіліктің ерекше ықыласына бөленіп жүрген кинотуындының жарық көргеніне биыл 52 жылға аяқ басты. Өкінішке қарай, «Тайлақтың анасы» – Әмина Өмірзақова 2006 жылы дүниеден өтсе, күні кеше «Тайлақтың өзі» – Әлімғазы Райымбеков өмірден озды. Осынау қаралы күні «Qazaq» газеті жарты ғасырдан астам тарихы бар комедия мен оның кейіпкерлеріне тоқталады.

Жансая ШЫҢҒЫСХАН,
«Qazaq» газетінің
Нұр-Сұлтандағы меншікті тілшісі

КИНОДАҒЫ КЕЙІПКЕРЛЕР

Фильмде күні-түні табанын тоздырып келін іздеген Тана апа мен табиғатынан қызға қыры жоқ Тайлақтың бейнелерін Айманов алыстан іздеген жоқ. Кинодағы Тана да, Тайлақ та өмірде болған адамдар. Олар Шәкен Аймановтың өзінен кейінгі інісі Кәукеннің жұбайы Қазақстанның халық әртісі Шабал Бейсекованың анасы Айнакүл мен туған бауыры Сакко.

Басынан тақиясы түспейтін баласынан «қайыр жоғын» түсінген анасы Айнакүл келін іздеуді өз қолына алады. Туыстары Шәкенге «Дайын сюжет қой. Осы туралы кино түсірмейсің бе?» деп жиі айтады екен. Осылайша, Шәкен сценарист Зискиндпен біріге «Тақиялы періште» фильмінің сценарийін жазады. Сөйтіп, біртуар режиссер Айманов тамаша көңіл-күй сыйлап қана қоймай, қызықты сюжетімен есте қалатын ерекше «Тақиялы періште» атты фильмін 1969 жылы жарыққа шығарды. Қанша уақыт өтсе де, картина үлкендердің ғана емес, жастардың арасында да қызығып көретін комедияға айналды. Ал, кейіпкерлер арасындағы диалогтар мен актерлер айтқан афоризмдер жұрттың жадында жаңғырып, көрерменнің әлі де көкейінде сақталды.

ТҮСІРІЛІМ БАРЫСЫНДАҒЫ ҚЫЗЫҚТАР МЕН ШЫЖЫҚТАР

Дәл осы фильмде Шәкен Айманов алғаш рет «камео» элементін қолданып, бір эпизодта режиссер образын сомдайды. Фильм барысында алпысыншы жылдардағы Алматы қаласын, сол кездегі жастардың болмысын көрумен қатар Александр Зацепиннің «Ты куда, Одиссей» әні мен Ермек Серкебаевтың орындауындағы бірқатар әндерді тыңдауға болады.

Фильмге Әмина Өмірзақова, Бикен Римова, Бибігүл Төлегенова, Ермек Серкебаев, Али Исмаилов, Шолпан Алтайбаева, Раиса Лунева, Юрий Саранцев, Мұрат Ахмадиев сынды «сен тұр, мен атайын» дейтін кіл мықты әртістер түскен. Ал, басты кейіпкер Тайлақ рөлін сомдаған Әлімғазы Райымбеков кәсіби актер емес. Ол облыстық колхоздардың бірінде механизатор болып қызмет атқарған қарапайым шаруа адамы еді.

«Тақиялы періште» бағын ашқан ҚР Мәдениет қайраткері, Алматы облысының Құрметті азаматы, атақты актер Әлімғазы Райымбеков өткен аптада 85 жасқа қараған шағында өмірден өтті.

Әлімғазы Сұмағұлұлы 1936 жылы 1 желтоқсанда Алматы облысында дүниеге келген. Алғашқы еңбек жолын ауылда жүргізуші болып бастаған. 1965 жылы алғашқы «Ән қанатында» фильмінің спорттық іс-шараларына шақырту алады. 1966 жылы «Қилы кезең» фильміне түседі. 1968 жылы қазақ киносының алтын қорынан ойып тұрып орын алған «Тақиялы періште» фильміндегі Тайлақтың рөлін сомдайды. Осы кезден бастап жұртшылыққа кеңінен танылады. Сонымен қатар, «Көгілдір такси», «Қан мен тер» секілді оннан аса фильмге түскен.

Әлімғазы Райымбеков өмірінің соңына дейін қоғамдық жұмыстарға белсене араласып, жас ұрпақты тәрбиелеуге үлкен үлес қосты. Кез келген іс-шараларда ақ батасын беріп, ел амандығын тілеп жүретін, немере-шөберелеріне үлгілі азамат еді...

Енді түсірілім барысындағы қызықтарға тоқталсақ.

Фильмнің соңғы эпизодтарын түсірер кезде Алматыда қар еріп кетіп, Шәкен Айманов командамен Ресейдің Свердловск қаласына атануға шешім қабылдайды.

Фильм сюжеті бойынша Алтыншаштың тапсырысымен басбұзарлар Тайлақты бассейн маңында ұрып кетеді. Бассейнде су болмай, өрт сөндіруші машиналар шақырылып, бассейн 4-5 машина суымен толтырылады.

Медеудегі конькиші қыз рөлін белгілі спортшы Людмила Воронина сомдаған.

«Тақиялы періште» киносы жарыққа шыққан соң, ауылдан қалаға келетін қазақ жастарының саны артқан.

Фильмде Бибігүл Төлегенова «Мама» әнін шырқап тұрғандай түскен, дегенмен, әннің негізгі орындаушысы – Бақыт Әшімова.

АКТЕР ТАЙЛАҚ РӨЛІН СОМДАУҒА НЕГЕ ҚАРСЫ БОЛДЫ?

Күні бүгінге дейін көгілдір экраннан түспей келе жатқан «Тақиялы періште» комедиялық жанрында басты рөлдерді сомдаған актерлер фильм туралы естеліктерінде төмендегідей толғанады.

«Қазақ киносының анасы» атанған актриса Әмина Өмірзақова көзі тірісінде айтқан өзінің бір естелігінде: «Кино өнеріндегі алғашқы қадамдарымнан кейін, күндердің бірінде Шәкен әзілдей тұрып, мен үшін комедиялық рөл жазылып жатқанын айтты. Содан кейін ешқандай ойын-қалжыңсыз «Тақиялы періштенің» сценарийімен танысып шығуды ұсынды. Бұл мені қуантты әрі қобалжытты, өйткені комедиялық рөлде ойнап көрмеп едім. Шәкең көңілімді демеп, «Сен сан алуан типаждар жасауға жаралғансың» деп күлді», – депті.

Шәкен Айманов Айша мен Тайлақты Әзіржайбан Мәмбетовтің «Ән қанатында» фильмінің түсірілім алаңында байқаған.

«Бұл фильмге түсемін деген үш ұйықтасам ойымда болған жоқ. «Алдыңғы киноларға түскен тиын-тебенімді алайын» деп, киностудияға барсам, дәлізде Шәкен аға тұр. Мені көре салып, «Бері кел» деп шақырып алды. «Ассалаумағалейкүм, аға!» деп сәлемдескенім сол еді, жетектеп кабинетіне алып кірді. «Бала, сенің рөліңді жазып, нүктесін қойып әкелдім. «Тақиялы періште» музыкалық комедия, басты рөлді өзің ойнайсың», – деді. «Аға, мен әртіс емеспін, сеніміңізді ақтай алмасам, сізді ұятқа қалдырамын ғой!» – деп едім. «Оттама, шық кабинеттен, бірақ ертең сағат 10-да осы арада бол, рөліңді аласың» деген соң, «Жарайды» деп, дәліздегі орындыққа жамбасымды басып ойланып отырғанымда, ары өткен, бері өткендер «бірі шабан, тағы бірі бірдеңе» деп мені келемеждеп, тұмсықтарын шүйіре қарады. Содан ызаға булығып, ағаға қайта барып: «Мен киноға түспеймін, қайтамын», – дедім. Шәкен аға: «Елдің аузына екі елі қақпақ бола алмайсың, сөздерін естігің келмесе, құлағыңа мақта тығып жүр. Көп сөйлеме, киноға түсесің, дайындал!» – деп райымнан қайтарды. Бұл фильмді жеті айдың ішінде түсірді», – деген еді көзі тірісінде кинодағы Тайлақты сомдаған Әлімғазы Райымбеков.

«Фильмдегі әрбір эпизодтың ел жадында жатталып қалу сыры нағыз халықтық қасиеттің көрсетілуінде болар. Мұнда ұлттық менталитет сәтті қамтылған. Аңғал да жасампаз, өмірге құштар қазақтың жан әлемі тұңғиық тереңнен, ішкі нәзік иірімдерден соншама бір тылсым шуақ арқылы суреттеледі. Елдің мінезі сұрбойдақ баласын аяқтандырамын деп шарқ ұрған қарапайым әйел образы арқылы ашылады. Мұнда қазақ халқының үлкенді сыйлау, кішіпейілдік сияқты озық салт-дәстүрі кестеленеді. Режиссер елдің рухын көтеретін, ұлттық сананы дәріптейтін дәл осындай фильм қажет екенін жақсы түсінген. Мұнда өзге де ұлттардың жайсаң адамдары көрініс береді. Демографтар осы фильмнен кейін ауыл жастары қалаға ағылғанын дәлелдепті. Яғни, олар үлкен, жарқын өмірге ұмтылған. Адам болуға талаптанған. «Тақиялы періште» табысының басты «құпиясының» бірі – режиссердің туындыға жанын салғанында шығар. Ол кісі ешқашан да ақшаны алдыңғы кезекке қойған емес еді. Шәкен аға туған елін шексіз сүйген азамат еді», – деген Айшаның рөліндегі актриса Шолпан Алтайбаева «Тақиялы періште» фильмінің өміршеңдігін осылайша түсіндіріп, талантты режиссердің осы фильмде Италия режиссурасы стилін ұстанғанын айтады.

«Туындының сәттілік сыры режиссердің айрықша қолтаңбасында жатыр. Шәкен Айманов фильмге кәсіби емес адамдарды тартты. Драма әртістері басқаша ойнаған болар еді. Қимылдары театрланып, біртүрлі жасанды шығуы мүмкін. Шәкең Италия режиссурасының стилін таңдап алған. Олар массовканың өзін қалың ел ішінен іріктейді екен. Театр басқа. Экранға бөлек ойын керек. Кәдімгі өмірдегідей. Табиғи. Шәкен фильмінің жасампаздық мәні осында. Айша рөлі маған аса қиынға түскен жоқ. Онда бір керемет драма ойналды дей алмайсың. Өзімді өмірде қалай ұстасам, солай жүруге тырыстым», – деген еді актриса.

ТОБЫҚТАЙ ТҮЙІН

Ұлы кинематограф Шәкен Айманов – әр кезеңнің тынысын тамыршыдай тап басып, сол уақыттың атмосферасын кинолентаға шебер сыйғызған сайыпқыран.

Режиссердің «Тақиялы періште» фильмі жарты ғасырдан бері көрермендердің көзайымына айналды. Елу жылдан асса да, бұл көркем туындыны көрермен әлі іздеп көреді. Күліп отырып ойланады. Сюжеттік желі жеңіл болғанымен, айтар ойы терең.

Аты аңызға айналған фильмнің кейіпкерлері халыққа етене жақын болғандықтан, көрерменнің жүрегінде әлі ұзақ өмір сүреді. Мейірім мен жылулыққа тұнып тұрған туындының өміршеңдігінің сыры да осында болса керек.